7. Дорофеев М.В. Новые направления информатизации школьного химического образования // Первое сентября. Химия. – 2005. – №15. – С. 6-21.
8. Рожкова Н.Н. Можно ли впрямь в одну телегу компьютеризацию и здоровье школьников // Образование. – 2013. – №2. – С. 33-47.
9. Вермаат Х. Множественные представления в веб-обучении концепциям химии. – 84-я ежегодная встреча Американской ассоциации образовательных исследований, октябрь 2016.
10. Бакажанова А.К., Сагимбаева А.Е., Шоканов Р.А. Болашақ химия мұғалімдері үшін инновациялық цифрлық құралдарды пайдалана отырып оқытуды жетілдіру // Халық Хабаршысы. – Алматы: ҚР ҰҒА, 2024. – Б. 95-108.
11. Пак М.С. Дидактика химии. – М.: ВЛАДОС, 2004. – 92 с.
12. Витязева О.В., Пак М.С. Теоретическая модель самостоятельной работы студентов по неорганической химии в педвузе // Актуальные вопросы современного университетского образования: Материалы X Рос.-амер. науч.-практ. конф., 14–16 мая 2007. – СПб.: РГПУ им. А.И. Герцена, 2007. – С. 183-185.

REFERENCES:

1. «Tsifrly Kazakhstan» (2017) Tsifrly Kazakhstan [Digital Kazakhstan]. Astana.
2. Tokaev K.Zh. (2020) Zhana zhagdaidagy Kazakhstan: is-qimyl kezeni [Kazakhstan in a New Reality: Stage of Action], Poslanie narodu Kazakhstanana. Available at: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news
3. Mamytchev A.Yu. (2020) Roboty zaiavliaiut o svoikh pravakh [Robots claim their rights], Moscow, 7 p.

4. Belokhvostov A.A., Arshanskii E.Ya. (2012) Interaktivnaia doska na uroke khimii [Interactive board in chemistry lessons], Khimiia v shkole, No. 1, pp. 51-52.
5. Antonova E.N. (2013) Ob ispol'zovanii interaktivnoi sistemy oprosa i golosovaniia [Using interactive survey and voting system in lessons], Khimiia v shkole, No. 2, pp. 10-12.
6. Semin A.N. (2006) Kompiuter v zhizni uchitel'ia: rasshirenie gorizontov tvorchestva [Computer in teacher's life: Expanding the horizons of creativity], Khimiia v shkole, No. 8, pp. 185-189.
7. Dorofeev M.V. (2005) Novye napravleniia informatizatsii shkol'nogo khimicheskogo obrazovaniia [New directions in the informatization of school chemical education], Pervoe sentiabria. Khimiia, No. 15, pp. 6-21.
8. Rozhkova N.N. (2013) Mozhno li vpriach' v odnu telegu komp'iuterizatsiiu i zdorov'e shkol'nikov [Can computerization and students' health be combined], Obrazovanie, No. 2, pp. 33-47.
9. Vermaat H. (2016) Mnozhestvennye predstavleniia v veb-obuchenii kontseptsiiam khimii [Multiple representations in web-based chemistry education], 84th Annual Meeting of the American Educational Research Association, October 2016.
10. Bakazhanova A.K., Sagimbaeva A.E., Shokanov R.A. (2024) Bolashaq khimiia mughalimderi ushin innovatsialyq tsifrllyq quraldardy paidalana otyryp oqytudy zhetildiru [Improving teaching using digital tools for future chemistry teachers], Khalyq Khabarshysy, Almaty: QR UNGA, pp. 95-108.
11. Pak M.S. (2004) Didaktika khimii [Didactics of chemistry], Moscow: VLADOS, 92 p.
12. Vitiazeva O.V., Pak M.S. (2007) Teoreticheskaiia model' samostoiatel'noi raboty studentov po neorganicheskoi khimii v pedvuze [Theoretical model of students' independent work in inorganic chemistry], In: Aktual'nye voprosy sovremennogo universitetskogo obrazovaniia: Materialy X Ros.-amer. nauch.-prakt. konf. (May 14–16), SPb.: RGPU im. A.I. Gertsena, pp. 183-185.

РЕАЛИЗАЦИИ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ ПО НЕОРГАНИЧЕСКОЙ ХИМИИ С ИСПОЛЗОВАНИЕМ СОВРЕМЕННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Бакажанова А.К.^{1,}, Сагимбаева А.Е.¹, Шоканов Р.А.²*

¹*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Республика Казахстан, г. Алматы*

²*Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова,
Республика Казахстан, г. Актобе*

*e-mail: aikar1416@mail.ru, sagimbaeva70@mail.ru, aikar05@mail.ru

В данной статье рассматриваются особенности и актуальные проблемы применения современных цифровых технологий в системе образования и показано, что дистанционное обучение стало неотъемлемой частью образовательного процесса. Несомненные преимущества цифровых технологий, связанные со скоростью приема, обработки и распространения информации, очевидны. Современные электронные компьютеры, гаджеты и другие цифровые технологии позволяют ускорить работу человека в тысячи раз. В статье рассказывается о самостоятельной работе, направленной на формирование у студентов специальности химия образовательных навыков в преподавании неорганической химии. Это самостоятельная работа студентов при изучении нового материала по неорганической химии; самостоятельная работа студентов при совершенствовании и применении знаний и умений; самостоятельная работа студентов при контроле и оценке полученных знаний и умений. Также в статье рассказывается об анкетировании студентов, то есть о том, что одновременно студенты дифференцируются по уровню вовлеченности в

самостоятельную работу посредством электронной связи. Авторы делают вывод, что в условиях совершенствования образовательного формата самостоятельная работа студентов требует особого внимания.

Ключевые слова: цифровые технологии, современное образование, дистанционное обучение, инновации, глобализация, самостоятельная работа, обучение, ресурсы.

IMPLEMENTING STUDENTS INDEPENDENT WORK IN INORGANIC CHEMISTRY USING MODERN TECHNOLOGIES

A.K. Bakazhanova^{1,*}, A.Y. Sagimbaiyeva¹, R.A. Shokanov²

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, Almaty

²K. Zhubanov Aktobe Regional University, Republic of Kazakhstan, Aktobe

*e-mail: aikar1416@mail.ru, sagimbaeva70@mail.ru, aikar05@mail.ru

This article examines the features and current problems of the use of modern digital technologies in the education system and shows that distance learning has become an integral part of the educational process. The undoubted advantages of digital technologies related to the speed of receiving, processing and distributing information are obvious. Modern electronic computers, gadgets and other digital technologies can speed up human work thousands of times. The article describes the independent work aimed at developing students of the specialty chemistry educational skills in teaching non-academic chemistry. This is the independent work of students in the study of new material on inorganic chemistry; independent work of students in improving and applying knowledge and skills; independent work of students in the control and evaluation of acquired knowledge and skills. The article also tells about the survey of students, that is, that at the same time students are differentiated by the level of involvement in independent work through electronic communication. The authors conclude that in the context of improving the educational format, students' independent work requires special attention.

Keywords: digital technologies, modern education, distance learning, innovation, globalization, independent work, training, resources.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМГЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Бақраденова А.Б. , Калиаджаров Д.* 

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.
*e-mail: altyn.bakradenova@mail.ru, kaliazhdarov.d@gmail.com

Бұл мақаланың мақсаты – теориялық қағидалар мен эмпирикалық мәліметтер негізінде мектепке дейінгі кезеңнен бүлдіршіндерді патриоттық сезімге тәрбиелеуде ойындар мен сөздік әдісінің тиімділігін талдау, сондай-ақ ата-аналар мен балабақша педагогтеріне ұсыныстар беру. Авторлар балалардың отбасы, отан, туған ел туралы түсініктерін дамытып, патриоттық тәрбиенің адамгершілік құндылықтарды, соның ішінде туған елге деген сүйіспеншілікті қандай тиімді жолдармен берілуін талдайды. Теориялық зерттеулер мен эмпирикалық мәліметтер негізінде ойын және сөздік әдістерінің патриоттық тәрбиені қалыптастырудағы маңызды рөлін көрсетеді. Ата-аналармен жүргізілген сауалнама көрсеткіштері отбасы мен балабақшада әлеуметтік институт ретінде халық мәдениетін отансүйгіштікке тәрбиелеу құралы ретінде толық пайдаланбайтындығы, ал бұл мәселені шешуде оның әлеуеті зор екені сарапталған. Зерттеу нәтижесінде, мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес патриоттық сезімге тәрбиелейтін қимылдық ойындарды, патриоттық мазмұндағы сахналық қойылымдарды, заманауи цифрлық ойындарды ұйымдастыру мен оқу-тәрбие процесінде патриоттық рухты шығармаларды қолдану үлгілері ұсынылған.

Кілт сөздер: мектепке дейінгі балалар, ұлттық тәрбие, патриоттық сезім, сөз әдісі, рөлдік-іскери ойын, құндылықтар, ұлттық рәміздер, салт-дәстүр.

Кіріспе

Қазіргі уақыт безбені ұлттық тәрбиені жаңғыртуды алға қойып отыр. «Ұлттық тәрбие дегеніміз – сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу» делінген энциклопедиялық анықтамалықта [1]. Балаға патриоттық сезімді отбасынан бастап ұялату, оны ұлтжанды қылып өсіру – әрбір ата-ананың міндеті. «Не ексең, соны орасың», – дейді халқымыз. Қазақтың дәстүрлі отбасы балаларды сәби кезден дәстүрлі әдет-ғұрыптармен тәрбиелеп келді. Бүгінгі жаңғырған заманда балаларды қандай жолға бастасак, олардың сол бағытты алатыны белгілі. Ал біздің ата-бабаларымыздан қалған асыл мұрамыз – тәрбиеміз қазақтан басқа ешкімде жоқ үлгі бола тұра, жартылай европаланған, тілін дамытпайтын, елін ардақтамайтын ұрпақ өсіп келе жатқандай. Халқымыздың ұлттық дүниетанымы мен бүгінге келіп жеткен тарихи мағлұматтарында баланы бесікке бөлеп, әсемдікке, әдемілікке, патриоттық рухқа тәрбиелеу қатаң ұсталынғаны байқалады. Баланы бүлдіршін кезеңінен ұлттық патриотизмге тәрбиелеу туралы Мағжан Жұмабаев: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуы керек» деп жазған [2]. Қазіргі тәуелсіз ел ұрпағын ұлттық салт-дәстүр негізінде тәрбиелеу мәселесіне қазақ тарихының зерттеушісі М.Қойгелдиев, этнопедагогика ғылымын жаңғыртушы С.Қалиев және этнограф Ж.О. Артықбаевтар бірнеше еңбектерін арнаған. «Туған жерге, туған еліне, туған тіліне деген сүйіспеншілік кішкентай нәрселерден – отбасына, үйіне, балабақшасына деген сүйіспеншіліктен басталады. Бұл махаббат бірте-бірте кеңейе отырып, туған елге, оның тарихына, өткені мен бүгініне, бүкіл адамзатқа деген сүйіспеншілікке айналады» деген орыс мәдениеті мен көне

әдебиетінің атақты зерттеушісі Л.Д. Лихачев өзінің балаларға арнаған үшінші хатында [10]. Ғалым ұлттық тәрбие мен патриоттық тәрбиенің ара-жігін ажыратып, патриоттық тәрбиені отбасынан бастау қажеттігін ескертеді. Елінің патриоты етіп тәрбиелеу үшін балаларды мектепке дейінгі кезеңнен патриоттық сезімге тәрбиелеу қазіргі педагогика ғылымында келелі мәселесі болып тұр.

Материалдар мен әдістер

«Патриотизм» сөзі (грек тілінде – patriots-отандас, paths-отан, атамекен) Отанға сүйіспеншілікті, оған деген адалдықты, туған жеріне бауыр басушылықты білдіреді. Қазақ халқы – ұлтжанды, үлкенге құрмет, кішіге ізет, дұшпанға қатал, досына адал сыйлы халықтың бірі. Табиғат берген осындай асыл қасиеттерді бала бойында отбасында, балабақшада, мектептерде, орта-кәсіби және жоғары білім беру мекемелерінде жүйелі түрде дамытатын болсақ, патриоттық тәрбиенің маңызы зор екендігіне көз жеткізе алар едік. Сәби тәрбиесі мен оның тілін, ділін ұлттық құндылық тұрғысында қалыптастыруда баланы бесікке бөлеудің, анасының бесік жырын айтудың маңызы ерекше болған. Халқымыз тіпті бала бесігінің үстіне жапқан жеті нәрсенің әрбірінің ырымын ескерген. Баланы бөлегенен кейін бесік үстіне көрпемен қатар тон, шапан, кебенек жабу, жүген мен қамшы ілу дәстүрі болған. Қазақтың ұлттық киімдерін жабу арқылы халықшыл болсын, кебенек, жүген, қамшы ілу арқылы елін қорғайтын ер азамат болып ержетсін деген тілектер білдірілген.

Өз отбасындағы әдет-ғұрыпты балалар балабақшада рөлдік-мазмұнды ойындарда көрсетіп жатады. Бөпені бесікке бөлеу, оны әндетіп, тербету, қонақты қарсы алу жолын ұстану, үлкенді сыйлау, дұрыс сәлемдесу, ата-әжесін құрметтеп төрге шығару әдептері тәрбиешінің рөлдік-мазмұнды ойындарды дұрыс басқаруы арқылы қалыптастырылады. Ойын барысында әр бала өзі таңдаған қызметті қызыға орындайды, біртіндеп арнайы ұйымдастырылған оқу-тәрбие әрекеттерінде ұлттық әлеуметтік және адамгершілік құндылықтарды меңгере бастайды. Патриоттық тәрбие белгілері отбасы мен балабақшада берілетін адамгершілік, эстетикалық, рухани тәрбие процесінде көрініс береді.

Мектепке дейінгі және бастауыштық оқыту сатысындағы балаларға жақын тұратын үлкендер – баланың кіндік шешесі, нағашы жұрты. Олардың сүйіспеншілікпен азан шақырып баланың атын қоюы, тұсау кесу, сүндет той, тілашар сияқты мектепке барар алдындағы тойларда түрлі ырымдарды жасауы отбасында өсіп келе жатқан сәбилердің көз алдында өткізіліп жатуы туысқа жақын болуды, туысқанға деген сезімді қалыптастырады.

Отбасы мүшелеріне, өз жұрты мен нағашы жұртына деген жақындық баланы отанға, елге деген сүйіспеншілікке жеткізеді. Әр халықтың өзіне тән мінез-құлқы, өзіне ғана жарасатын әдет-ғұрпы болатыны белгілі. Сол халықтың ұрпақтары ата-баба дәстүрінің тағылымдарын бойларына сіңіріп өссе ғана халыққа тек абырой әкеледі. Туған халқымыздың тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын жарық дүниеге шыр етіп келіп, көзін ашқан күннен бастап сезіммен қабылдап, кейінірек үлкендерден өз халқының тәрбие үлгілерін дұрыс алмаған бала рухани мүгедек болып қалады деп есептейміз.

Патриоттық тәрбие балаға жақын, өздері жақсы көретін үлкендерден естіген және жадына түйген ақыл-кеңестерден, нақыл сөздерінен беріледі. «Балдырған» журналы 40жыл бойы шығаруға ат салысқан ақын М.Әлімбаев өзінің «Халық – ғажап тәлімгер» деген халық педагогикасына толы жинағында: «Біз – үлкен болайық, кіші болайық, бәрімізде талай-талай тәлімнің тәліміз, тоқсан тарау арнамен тоғысқан татымды тәрбиенің жемісіміз... Оны айтасыз: баяғы заманда көз жұмған бабаларымыз, үлкендеріміз бен кіші әжелеріміз де мәңгі өшпес ізгі дәстүрдің өнегесімен бізді баулып жатыр, баули да береді» деп жазған [3]. Мысалы, «Отан – анаң, отан – атаң», «Отан отбасынан басталады» дегенді балалардың құлағына сіңірумен қатар, осы аталарынан қалған педагогикалық тәлімді сөздерін әңгімелесу әдісімен әрдайым айтып отыру балаларды патриотизмге, елін, кең-байтақ жері бар отанын сүйе білуге тәрбиелейді. Ақынның «Қитар көжек» өлеңін жаттатқанда «Өзіне сенген – өжет», «Ұлттар достығы» күніне арналған ертеңгілікте «Ұлтын білгің келсе, ғұрпын біл», әнұранды айтқызуға дайындау кезінде «Отанның орны– жүректе» деп әр

сөздің мағынасын қабылдайтындай етіп, жүрек тұсын ұстатып, мемлекеттік рәміздерді көрсете отырып түсіндіру әдісін қолданған жөн.

Республика күнін тойлау шарасында немесе «Сарбаздыққа қабылдау» атты сахналық ойында серт беру кезінде топпен әрі жекелей:

«Туған жерді сүю – парыз

Сүю үшін білу – парыз

Қасиетін ұғу – парыз

Күзетінде – тұру парыз» - деген ақын аталарының бір шумақ өлеңін жатқа айтқызу тиімді болмақ. Жас балаларды отанын, елін сүюге тәрбиелейтін өзекті сөздерді Мұзафар Әлімбаев халықтың өз ішінен жинақтап отырған. «Бала болсаң, болғандай бол, ағайынға қорғандай бол», «Отаның берік болса, жауың алмайды», «Ел қуатты болмай, қуаныш тұрақты болмас» деген нақыл сөздерді отбасында аталары әңгімелеріне қосып, немерелерін асық, тоғызқұмалақ ойындарына баулыса, балаға жастайынан ел, отан туралы ұғымдар қалыптасар еді. «Егер ел аузында жүрген отан қорғау тақырыбына арналған мақал-мәтелдерімізді түгендеп теріп, тізер болсақ, – деп жазған ақын, – ол патриоттық тәрбиенің үлкен бір саласы екеніне әр оқырманның көзі жетеді» [3].

Нәтижелер мен талқылаулар

Жас ерекшеліктеріне байланысты топтарда патриоттық тәрбие әр баланың қабылдауына қарай ата-тегін білуінен, жақын туыстарының, тұратын жерінің елге еңбек сіңірген танымал адамдарының және қазақ елінің тарихи даталарына, рәміздеріне, ұлтымыздың салт-дәстүріне деген сүйіспеншілік қалыптастыруға бағыттауды қамтиды. Әдетте, ата-аналар балаларына әнұран шырқату мен рәміздерді жаттатумен айналысады, себебі бұл әрекет баласының патриоттық сезімін міндетті түрде оятады деп сенеді. Өлең-тақпақтарды құр жаттату арқылы «патриоттық сезім ояту» әрекетінің бір реттік қана әрекет екендігін іс-тәжірибедегі мысалдардан байқауға болады. Наурыз айында келетін Қыдыр бабаны Аяз ата деп түсінушілік, құрт-майдың, қазы-қартаның, қымыз бен шұбаттың дәрумендерге бергісіз пайдасын балаларға үйретіп ұғындырмау, олардың муляждарын дайындап, «Қонақты қарсы алу», «Жайлауға барғанда», «Наурыз тойы» т.б. драматизациялық ойындарда пайдаланбау балаларды ел дәстүріне салқын қарауға жеткізіп жүр. Қазақ батырлары, шешен-билері туралы ойыншықтар мүлде жоқ, телеэкраннан көрсетілетін аномацияланған мультфильмдер бала түгілі үлкендерді жалықтырып жібереді. Ата-аналарға берілген сауалнамадан «Ертегі айтатын уақыт жоқ», «Айтам: «Ер Төстікті, Қыз Жібекті» деген жауаптар қарын аштырады. Қазіргі ата-әжелер ұлттық тәрбиенің бастау бұлағы – бесік жырларын, халықтық дәстүрде сақталған ойын өлеңдерді: санамақ, қаламақ, өтірік өлең, сұрамақ, төрт түлік туралы жырларды ойға алмай келе жатқаны шындық. Олардың орнына бүлдіршіндеріміз «Агрессор, Огнедракон (От шашқыш айдаһар), Гумонкозавр (жартылай гуманоид, жартылай динозавр), Эхо-эхо-мульти (құйттай жаңғырық адам), жер асты тіршілік иелері Альфибия, Алькула, түрлі күш иелері – Обьязана-Паук (жартылай маймыл, жартылай өрмекші, Жир Силач (Мешкей батыр), Рыцарьног, Бетман, Өрмекші адам сияқты геройлармен ұйықтап, сол геройлармен ойнап-армандап өсіп келе жатыр. Өзге елдің кейіпкерлері арқылы батырлыққа, адамгершілік нормаларға тәрбиеленген-мен, заманауи техникалық құралдардың әсерімен балалардың ана тілінде сөйлеуінің тежеліп бара жатқандығы байқалуда. Қазіргі ата-әжелердің өз немерелеріне қазақтың қарапайым ертегісіндегі Желаяқ, Көлтауысар, Таусоғарларды, жеті басты айдаһармен күрескен Ертөстік туралы, Балаби, Алпамыс батырлар жайында әңгіме етпеуі, тарихи тұлғалар туралы бүлдіршіндерге арналған кітапшалардың аз шығарылуы ұлттық тәрбиенің тоқырауын білдіруде.

Мектеп жасына дейінгі шақта көрнекті жерде орналастырылған жігіттің бес қаруы, әкесінің омырауы орден-медалдарға толы сырт киімі, енді бір отбасында атасының төрде ілінген шапаны мен қазақы бас киімі баланың ұлттық-патриоттық рухын оятып, патриоттық сезімін туғызуға әсер ететіні байқалды. 3-9 жас аралығындағы балалар әңкұмар, өлеңкұмар келеді. Патриотизмге, елжандылыққа үйретуде Қазақстан жазушылар одағы, «Жалын» баспасының бірлескен дәстүрлі байқауының және республикалық, халықаралық

мүшәйралардың жүлдегері атанған, өзінің аз ғұмырының ішінде ұлттық тәрбиені әспеттеп өткен, «Жарыстан соң жарыс», жинағы үшін балаларға арналған үздік шығармалардың бүкіл одақтық байқауында (1989 ж) арнайы дипломмен наградталған ақын Өтепберген Ақыпбекұлы туындылары ерекше орын алады. Жетісудан шыққан ақын «Елтаңба, Ту, Әнұран» өлеңінде:

«Рәміз сыйлау – қатал сын,
Қорлауға оны батар кім.
Кимешегі ол әжемнің,
Тақиясы ол атамның !...»;
«Мемлекеттік Елтаңба» өлеңінде:
«Елтаңбамыз – ел беті,
Төрге ілінер көрнекті:
Анам таққан шолпыдай,
Дөп - дөңгелек, өрнекті !...»;
«Қазақстан Жалауы» өлеңінде:
«Ілем биік жерге оны ,
Қашан-дағы төрде орны.
Әжем басқан сырмақтай-

Әшекейлі өрнегі...» - деп келген тармақтарында ұлттық рәміздер мен ұлттық нақыштар әсерлі байланыстырылған. Өлең үзінділеріндегі бейнелі теңеулерге қарап отырсақ, бала көңіліне ақынның патриоттық тәрбиенің отбасы мен отан туралы ұғымдардан басталатынын ескерткендігін байқаймыз. Осы өлеңдер үлкендердің алдында патриоттық сезіммен оқылғанда балалардың ерекше ләззат алатыны байқалады. Ақынның рәміздерді «Бойға таққан тұмардай» сақтау керектігін еске салғандығы, ту мен елтаңбаны «Кимешегі ол әжемнің, тақиясы ол атамның» деп, кимешек пен тақияны жерге тастауға болмайтынын түсіндіруі өте әсерлі. Рәміздердегі ұлттық өрнектерді «анам таққан шолпыдай, дөп - дөңгелек, өрнекті» деп суреттеуі баланы ешкімге қимайтын жақын жандары арқылы қазақ елінің рәміздерін құрметтеу сезіміне баулиды. Ендеше, мәңгілік ел атымызға лайық патриоттық сезімді балаға осы автордың «Керек кітап» деп аталған жинағындағы әр өлеңді мәнерлеп оқып-түсіндіру әдісімен оқытуды ұсынамыз [8]. Ендеше, кітаптағы туындыларды пайдаланып, Отандық, ұлттық мерекелерге арналған сахналық қойылымдар құрастыру, балаларға рөлге лайық қазақ киімдерін кигізіп, қолдарына рәміздерді ұстату, шынайы сезіммен ұлттық нақыштарымызды ұлықтату арқылы көкіректеріне отанына деген мақтаныш сезімін оятуды балабақшада экспериментке салу қажет деп білеміз. Шыққан ортасының, жас кезеңдеріне қарай айналасындағы жандардың ықпалымен бүлдіршіндерді өзге елдің геройларына көп еліктетпей, ұлттық рухта тәрбиелеу – нағыз патриоттық сезімге тәрбиелеу екенін естен шығармасақ дейміз. Балаларды мектепке даярлау жұмысы бойынша жүргізген Д.Б. Элькониннің зерттеулерінде «Патриотизмге тәрбиелей отырып оқыту балалардың ойын процесін сауатты ұйымдастыруға байланысты» делінген [5]. Мектеп жасына дейінгі балаларды патриоттыққа тәрбиелеуде ойын әдістерінің тиімділігін растайтын эмпирикалық зерттеулер де бар. Мәскеу балабақшаларының бірінде жүргізілген зерттеуде (2019 ж.) патриоттық бағыттағы ойындарға үнемі қатысқан балалардың дәстүрлі әдістермен оқытатын балаларға қарағанда, өз елінің ұлттық рәміздері мен мәдениеті туралы білім деңгейі жоғарырақ болған. Сондай-ақ олар елінде өткен тарихи оқиғаларды талқылауға қатысуға қызығушылық танытып, туған жерге деген мақтаныш сезімдерін білдірген. Бұл деректер ойынның патриоттық құндылықтарды эмоционалды және тереңірек қабылдануына жақсы әсер ететінін көрсетеді. «Патриоттық рухты ойындарға еліктеген балалар әлеуметтік нормаларды жақсы меңгеріп, өз елінің тарихындағы оқиғаларды сахналық ойындар мен қойылымдар арқылы бейнелей бастаған» деп жазған мектепке дейінгі балалар өмірін зерттеген ғалым [6].

«Ойын әрекеті ұлттық тәрбиенің бір түрі ретінде қолданылуы үшін балалардың жас ерекшеліктеріне сай және қызығушылығын тудыратындай болуы шарт» делінген эмпирикалық зерттеу еңбекте [7]. Біздіңше, 3 жастан 4 жасқа дейінгі балалардың

абстракттілі ойлауы әлі толық дамымағандықтан, мемлекет, ел туралы тақырыпты қабылдату үшін рәміздердегі (ту, елтаңба) және ондағы таныс бейне суреттерін бояту, жеңіл пазлдар құрастырту арқылы беру керек те, ересек топта (5-6 жас) «ерлік», «туған жер», «тарих» сияқты күрделі тарихи-мәдени ұғымдарды мақал-мәтелдер жаттату, мағыналарын түсіндіру арқылы қабылдату тиімдірек. Ал мектепалды топтарында батырлық, ерлік туралы қимылдық және рөлдік ойындар жетекші орын алады деп есептейміз. Ойындардың мазмұны балаларға өз елінің батыры, қорғаушысы немесе тарихи оқиғаларға қатысушысы ретінде сезінетіндей етіліп құрылғанда, олардың әрекеттері шынайы өмірдегідей шықпақ. Мысалы, өзбектің «Дар арқан үстімен жүру», «Ордан қарғы», армян халқының «Жігіттер», грузин балаларының «Бәйге», қазақ халқының «Әуе таяқ», «Хан талапай», басқа да дәлдікті, ептілікті, өз дененді игере білуге, шымыр да батыл болып өсуге тәрбиелейтін ойындарды ұсынамыз [4]. Сарбаздар туралы әңгіме не пьесаға қатысудан қай бала тартынуы мүмкін?! Даму кезеңдеріне сәйкестендіріп, баланың патриоттық сезімін қалыптастыруға берілетін ұғымдарды дұрыс қабылдауына тиімді тәсілдерді іздестіру, тәжірибеге енгізу – зерттеу еңбегіміздің түпкі межесі.

Қазіргі ойын әдістерінің тиімділігіне қарамастан, олардың шектеулері де бар. Біріншіден, барлық балалар ойын процесіне бір адамдай қызыға қатыса бермейді. Қимылдаудан гөрі қиялдауды ұнататын балалар кітап суреттерін қарастырумен болады. Ерекше қажеттіліктері бар балаларға топтық ойындарға қатысу қиын болатындықтан, жетекшінің мұндай балаларға рөлдерді лайықтап беруі немесе қатысудың баламалы түрлерін ұсынуы оны ойын ортасына бейімдеу үшін өте маңызды. Екіншіден, мектепке дейінгі көпұлтты ортада кейбір балалар патриоттық рәміздерді білмеуі де мүмкін. Бұл жағдайда ТМД туларын салыстыра түсіндіру артық емес. Сол сияқты белгілі бір ұлттың болмысымен байланысты патриоттық ойында өзін ыңғайсыз сезінуін туғызбас үшін, ойынға ұйымдастырушы басқа ұлт баласының мәдени мұрасының элементтерін кіріктіруі тиімді болмақ. Мысалы: «Біз – Отанымыздың батырларымыз» ойынында балалар Отан қорғаушылардың немесе тарихи оқиғаларға (мысалы, Ұлы Отан соғысына) қатысушылардың рөлдерін ойнайды. Педагог балалардың ойынға қатысу белсенділігін және олардың бірлесіп әрекет ете алу қабілетін бақылайды. Бұл ойынның тиімділігін бағалау критерийі ретінде пайдаланылады. Қазіргі уақытта дәстүрлі дидактикалық және рөлдік ойындардан бөлек, патриоттық мазмұндағы заманауи цифрлық ойындарды да қолдануға болады. Мысалы, Қазақстанның тарихи орындарына виртуалды саяхат немесе ұлттық рәміздерге қатысты білім тексеруге арналған интерактивті тапсырмаларды орындату.

Зерттеуіміздің бастапқы нәтижелері мынаны көрсетті: Жоғары топтарда балалармен жүргізілген тәжірибеде «Елтаңбаны құрастыр» атты дидактикалық ойын ойнатумен қатар естеріне рәміздер туралы жаттатылған өлеңдерді қайталатып айтқызу тартымды болды. Балалар өз елінің елтаңбасын әртүрлі элементтерден құрастырды, оның рәміздердегі бейнелердің мәнін зерттеді. Ойыннан кейін елтаңба элементтерінің мағынасы талқыланды. «Ту мен эстафета» ойынында балалар командада жұмыс істеуге үйреніп, мемлекеттік рәміздерге деген адал ықыластарын белсенді қозғалыс пен шерудегі салтанатты қарым-қатынастары арқылы бере білді. «Шерудің алдында жүрген шаршамайды» деген сөзбен балалар сапта жүре білу тәртібіне үйретілді. Жүргізушінің сөздері мен тиімді қолданылған ойын түрлері балалардың патриоттық сезімдерін туғызып, топ белсенділігін арттыра алды.

Қорытынды

«Тәрбиелеудегі мақсат – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару... Тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі... әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатындықтан, тәрбиеші сол баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, мектеп жасына дейінгі балалардың бойына ұлттық менталитетке тән қасиеттер сіңірілуі тиіс [9]. Балаға кішкентайынан сыпайылық, отбасы және отан алдындағы борыш, ұят, «олай етуге болмайды» сияқты сезімдер, намыс пен әділеттілік қасиеттер сөздік әдісі

арқылы үлкендердің жеке үлгісінен және тәрбиешінің оқу-тәрбие қызметтерін дұрыс жоспарлай алуынан беріледі. Мектепке дейінгі балаларды ұлттық рухта тәрбиелеуде сөздік әдіс түрлерін (әңгімелесу, жатқа өлең оқу, сарбаздар атынан мәнерлеп сөйлеу), ойын әдістерін (әскери ойынды сахналау, маршты өлеңмен қимылдау, саппен жүру, рөлдік, әскери драматизациялық, виртуалды ойындар, т.б.) пайдалану олардың патриоттық сезімдерін қалыптастырудың тиімді жолдары болып табылады.

Жинақтап айтқанда, ұлттық әдет-ғұрыптарға, салт-дәстүрлерге, халықтық ауызекі сөз өнеріне, музыкалық халық мәдениетіне бала кезден үйрету арқылы біз ұлттық патриотизмінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын патриоттық сезімдерді бала бойына мектепке дейінгі жастан қалыптастыра аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ мәдениеті энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна 2005. – 65 бб.
2. Бабалар мұрасы – ұрпаққа қазына. М.Рахимжанова, Р.Кожухова, ПГПУ – 2018.
3. Әлімбаев М. Халық – ғажап тәлімгер. – Алматы: Рауан, 1994. – 28, 56 б.
4. Кел, ойнайық. Әлем балаларының ойындары. Жинап, құрастырған және аударған Құрманбай Толыбаев. – Алматы: «Өнер», 1990.
5. Эльконин Д.Б. Психология игры. М.: Наука, 2015.
6. Савин Н.В. Воспитание патриотизма у детей дошкольного возраста. М.: Академия, 2018.
7. Иванов И.А., Петрова Л.М. Эмпирические исследования в патриотическом воспитании детей. Журнал «Психология и образование», 2019.
8. Өтепберген Ақыпбеков. Керек кітап. (Таңдамалы өлеңдері, жұмбақ, жаңылтпаштары). Алматы: «Алматыкітап» баспасы, 2011 жылы.
9. Педагогика. М.Жұмабаев. – Алматы, 1992.
10. Лихачев Л.Д. «Письма о добром и прекрасном» сост., общ. ред. Г.А.Дубровской. – М.: Дет. лит., 1985.

REFERENCES:

1. Qazaq madenieti: entsiklopediialyq anyqtamalyq [Kazakh culture: Encyclopedic reference]. (2005). Almaty: Aruna.
2. Rakhimzhanova, M., & Kozhukhova, R. (2018). Babalar murasy – urpaqqa qazyna [Heritage of ancestors is wealth for generations]. Pavlodar: Pavlodar Pedagogical University.
3. Álimbaev, M. (1994). Halıq – ǵazhap tálimger [The people are wonderful educators]. Almaty: Rauan.
4. Kel, oınayıq: Álem balalarynyń oıyndary [Let's play: Games of children of the world] / Compiled and translated by Q. Tolybaev. (1990). Almaty: Óner.
5. El'konin, D.B. (2015). Psikhologiya igry [Psychology of play]. Moscow: Nauka.
6. Savin, N.V. (2018). Vospitanie patriotizma u detei doshkol'nogo vozrasta [Fostering patriotism in preschool children]. Moscow: Akademiya.
7. Ivanov, I.A., & Petrova, L.M. (2019). Empiricheskie issledovaniya v patrioticheskom vospitanii detei [Empirical research in patriotic education of children]. Journal "Psychology and Education".
8. Aqypbergenov, Ó. (2011). Kerek kitap: Tańdamaly óleńderi, jumbaq, jańyltpashlary [The needed book: Selected poems, riddles, tongue twisters]. Almaty: Almatykitap.
9. Jumabaev, M. (1992). Pedagogika [Pedagogy]. Almaty.
10. Likhachev, D.S. (1985). Pis'ma o dobrom i prekrasnom [Letters about the good and the beautiful] / Comp. and ed. by G.A. Dubrovskaya. Moscow: Detskaya literatura.

ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ВОСПИТАНИЯ ПАТРИОТИЧЕСКОГО ЧУВСТВА У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Бакраденова А.Б., Калиаджаров Д.*

Жетысуский университет имени И. Жансугурова,
Республика Казахстан, г. Талдыкорган

*e-mail: altyn.bakradenova@mail.ru, kaliazhdarov.d@gmail.com

Цель данной статьи – на основе теоретических положений и эмпирических данных проанализировать эффективность игр и словарных методов в воспитании у детей с дошкольного периода патриотизма, а также дать рекомендации родителям и воспитателям детских садов. Авторы предлагают формировать у детей представление о семье, Родине, родственниках, анализируют эффективные пути патриотического воспитания, методы привития нравственных ценностей, в том числе любви к родной стране. На основе теоретических исследований и эмпирических данных показана важная роль игровых и словарных методов в формировании патриотического воспитания. Результаты опроса родителей показали, что семья и детский сад как социальный институт не в полной мере используют народную культуру как средство воспитания патриотизма и имеют большой потенциал в решении этой проблемы. В результате исследования представлены примеры организации игр-действий, сценических представлений с патриотическим содержанием, современных цифровых игр и использования патриотических произведений в образовательном процессе дошкольников в соответствии с возрастными особенностями детей.

Ключевые слова: дошкольники, национальное воспитание, патриотизм, речевой метод, ролевая игра, ценности, национальные символы, традиции.

EFFECTIVE WAYS TO EDUCATE PATRIOTIC SENSES IN PRE-SCHOOL CHILDREN

A.B. Bakradenova, D. Kaliadzharov*

Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Republic of Kazakhstan, Taldykorgan

*e-mail: altyn.bakradenova@mail.ru, kaliazhdarov.d@gmail.com

The purpose of this article is to analyze the effectiveness of games and vocabulary methods in raising patriotism in children from the preschool age on the basis of theoretical principles and empirical data, and to give recommendations to parents and kindergarten teachers. The authors propose to form in children an understanding of family, homeland, relatives, and analyze effective ways of patriotic education, methods of instilling moral values, including love for one's native country. Based on theoretical research and empirical data, the important role of game and vocabulary methods in the formation of patriotic education is shown. The results of a survey of parents showed that the family and kindergarten as a social institution do not fully use folk culture as a means of educating patriotism and have great potential in solving this problem. The study provides examples of organizing action games, stage performances with patriotic content, modern digital games and the use of patriotic works in the educational process of preschoolers in accordance with the age characteristics of children.

Keywords: preschool children, national education, patriotic feelings, speech method, role-playing game, values, national symbols, customs and traditions.

I. ЕСЕНБЕРЛИННИҢ «ЖАНТАЛАС» РОМАНЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

Мулик Д. 

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.
*e-mail: m.dauletkerey@bk.ru

Мақалада қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі кеңестік ұстаныммен бағамдалған тарихи тақырыптағы шығармалар мен ондағы орталық кейіпкерлер жайлы пікірлерді зерттей отырып, жаңаша көзқараспен тұжырым жасалады. Себебі XX ғасырдың екінші жартысындағы қоғамдық-саяси оқиғалар әдебиетке өз әсерін тигізді. «Абай жолынан» басталған тарихи тақырыптағы шығармалардың осы тұста жаңаша сілкініс пен серпіліске ие болғаны, әдебиетке ерекше леп әкелгені I.Есенберлин шығармашылығынан айқын сезіледі. Жазушы шығармашылығының өзегіне айналған орталық кейіпкерлердің дені тарихи тұлғалар. Қаламгерлік қауқар тарихи тұлғаның рухани әлеуетіне үңілумен қатар, тұлғалық болмысына да жоғары ынтамен назар аударған. Тарихи романға арқау болған қазақ тарихында өзіндік орны бар даңқты қайраткер, талантты қолбасшы, үш жүздің басын қосқан Абылай ханның қазақ халқының біртұтастанып, қазақ хандығының нығаюына қосқан үлесін, тұлғалық әлеуетін тануда көркемдік шындық тұрғысынан бейнеленген қырларын жаңаша көзқарас тұрғысынан пайымдауды, талдауды қажет етеді. Тақырыптың өзектілігі осы мақсаттан туындайды. Мақалада роман-хроникадағы дәуір көрінісі мен Абылайдың тұлғалық әлеуетін танытудағы тарихи шындық пен көркемдік шындық арақатынасын қаламгердің көрсете алу мүмкіндігі тұжырымдалды. Тарихи тұлғаны бейнелеудегі көркемдік ізденіс пен шығармашылық шешім сараланды. Қаламгердің портрет жасаудағы шеберлігі мен монолог арқылы орталық кейіпкер психологиясын ашудағы ерекшелігі талданады. Ш.Уәлихановтың очеркінде, жыраулар толғауларындағы, ел аузындағы аңыз-әңгімелерде кездесетін Абылай ханға берілген сипаттаманың романдағы көрінісі айқындалды. Тарихи шығармалар жайлы кең көлемді зерттеулерді басшылыққа ала отырып, өзіндік тұжырым жасалды. Мақаланың теориялық және әдістемелік негізі көркем әдебиет пен тарихқа сүйеніп қисындалды.

Кілт сөздер: Қазақ хандығы, тарихи роман, көркемдік шындық, тұлғалық әлеует, роман-хроника, бейне, диалог, монолог.

Кіріспе

Қазақ тарихында даңқты қайраткерде, ұлы қолбасшы да, көреген данышпан да, абыз ақсақал да өз орнын қалдырды. Бірі тәуелсіздік үшін қолына қару алып, жауына қасқайып қарсы тұрса, бірі ел ынтымағы үшін барын салып, саяси сахнада тер төкті. Келесі бірі ел болашағы үшін ерен еңбек етті, келесі буын үшін өшпес із қалдырды. Сақ дәуірінен басталатын, көне түркі дәірімен астасып, Керей мен Жәнібек құрған қазақ хандығынан бастау алып бүгінге жеткен қазақ тарихында тарихи тұлғалардың орын ерекше. «Олардың істеген ісі, жүрген жолы, шеккен азабы, қажырлы күресі бүгінгіге құнар беріп жатқан – халықтың тарихи тамыры» [1]. Әр тұлғаны өзіндік қырынан тануда тарихи деректермен қатар тарихи шығармалардың орны ерекше. Жиырмамыншы ғасырдың екінші жартысынан бастау алатын тарихи тақырыптағы шығармалар тарихи тұлға феноменін қалыптастырып қана қоймай, оның тұлғалық әлеуетін, қазіргі үрдістегі көкейкесті көркемдік-эстетикалық мәселе ретінде көрсете білді.

Кез-келген тарихи тақырыптағы шығармалардан, әсіресе, тарихи романдардан кейіпкер (тарихи тұлға) болмысын танып, тарихи орнымен қатар көркемдік шындықта сомдалу сипатын

анықтап, саралау мәселесі қазіргі таңда өзекті. Себебі роман адамды зерттейді, характер жасайды. Зерттеу жұмысын жүргізудегі мақсатымыз да Абылай ханның бойындағы ханға тән қайсарлық пен қырағылықты, батырға тән биіктік пен болмысты, тұлғаға тән табандылық пен адамдық тұрқын тани отырып, ұлт болашағы үшін қажетті ұлттық рухани дәруменді екшеп көрсету, көркем шығарма бойындағы ұлы қасиеттерді тап басып, орталық кейіпкердің тұлғалық әлеуетін көркемдік образын ашып көрсету. Бұл заманауи қоғамда адамды тәрбиелеудің басты құралы ретінде қарастырылады. Бұл әлемдік тәжірибеде қолданыста бар дүние.

Көркем шығармадағы кейіпкердің тұлғасын тану мәселесі әлем әдебиетінде де өзекті мәселе ретінде танылған. Себебі «әдеби кейіпкер – тұтастай алғанда әдеби үрдістің құрылымдық-семантикалық элементі» [2] Сонымен қатар, «әдеби кейіпкерді бүтінгі күннің тәуелсіз бөлігі ретінде және оған интеграцияланған бағыты ретінде қарастыру қажет.... және ол әдеби шығарманың барлық бөліктерімен анықталады» [2].

Материалдар мен әдістер

Қазақ әдебиеттану ғылымында тарихи тақырыпта жазылған шығармаларға поэтикалық тұрғыдан баға берген ғалымдардың қатарына С.Қирабаев, З.Қабдолов, Р.Нұрғали, Ш.Елеуенов, Ж.Дәдебаев, М.Мырзахметұлы, Т.Жұртбай сынды алдыңғы толқын алыптарды жатқызамыз. Ал Р.Бердібаев пен Т.Сыдықов тарихи роман поэтикасына, тіліне, қаламгерлік қуатына, оқиғалар өрісіне, тарихи шындық пен көркем шындықтың арақатынасына, кейіпкерлер болмысына ерекше назар аударған, толымды әрі қонымды ойлар айтқан. Біз зерттеу жұмысын жүргізуде жоғарыда аталған авторлар еңбектеріне жүгіне отырып, тұжырым жасаймыз.

Мақалада Абылайдың тұлғалық болмысы, әлеуеті зерттеу өзегі болғандықтан І.Есенберлиннің «Жанталас» роман-хроникасына ғылыми тұрғыда баға береміз. Орталық кейіпкер болмысын ашуда салыстырмалы талдауға, жинақтауға, тұжырым жасауға бағыт береміз.

XVIII ғасырда қазақ тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырған, үш жүздің басын қосып, ақ туының астына жинай білген Абылай хан жайлы деректер мен архив құжаттары жетерлік. Десе де тұлға болмысын тануда, көркемдік бейнесін көруге ұмтылыс жасауда тарихи романның орны ерекше екенін айтқымыз келеді. Себебі «роман – қоғамды көркемдік жағынан» [1] талдайды, талқылайды. Тарихта «Абылай (Әбілмансұр) хан – (1733-1737) билік құрған. Абылай хан (1711-1781) Қазақ Ордасының ханы, қазақ мемлекетінің тарихындағы аса көрнекті мемлекет қайраткері, арғы тегі Жошы хан, бергі бабалары қазақ ордасының негізін салған Әз-Жәнібек, одан соң еңсегей бойлы ер Есім хан, Салқам Жәңгір хан. Абылай – Жәңгір ханның бесінші ұрпағы, Рахметтің досы. Жәңгір ханның Уәлибақы, Тәуке деген екі ұлы болады. Жәңгір қайтыс болып, таққа Тәуке отырғанда Уәлибақы хандыққа өкпелеп, Үргенішті билеген нағашы атасы Қайып ханның қолына барады. Уәлибақының баласы Абылай жекпе-жекке шыққанда жауы шақ келмейтін батыр болып, қанішер Абылай атаныпты. Осы Абылайдан көркем Уәли туады. Оның баласы Әбілмансұр (кейін қазаққа хан болып Абылай атанған) «ақтабан шұбырынды» жылдарында жетім қалып, үйсін Төле бидің қолына келеді» [3] - деп басталатын деректер жиі ұшырасады.

Қазақ әдебиеттану ғылымында Ш.Елеуенов «Абылай хан туралы сөз қозғалған жағдайда тарих ғылымы да, көркем әдебиет те аттап өте алмайтын, бағыт-бағдар сілтерлік ең бағалы екі құжатқа алдымен көз салады. Біріншісі – Шоқан Уәлихановтың «Абылай» атты зерттеуі, екіншісі – Бұқар жырау толғаулары» [4] дей келіп, алғашқы ғылыми ақпарды қазіргі көркем шығармалардың оқиғалық шеңбері ретінде көрсетеді.

Абылай ханның көркемдік-тұлғалық әлеуетін тану І.Есенберлиннің «Жанталасынан» бастау алып, С.Сматаевтың «Елім-айында», Ә.Кекілбаевтың «Үркері» мен «Елең-Алаңында», Қ.Жұмаділовтың «Дарабозында», Ұ.Доспанбетовтың «Қызыл жолбарысы» мен «Абылайдың ақ туында» кең қанат жаяды. Әр туындыда Абылай өз қырынан танылып, тұлғалық әлеуеті өз биігінде көрініс табады. Тарихи шындық пен көркемдік шындық арасындағы байланыс үзілмейді, сәйкестіктер айқын көрініс береді. Аталған тарихи романдарда диалог, монолог,

портрет, авторлық баяндау сынды көркемдік элементтер психологиялық тұрғыда сәтті қолданылып, Абылай образын кеңінен ашқан. Аталған үш жазушы да қаламгерлік ұстанымы, дүниетанымы, дәуір ерекшелігін бағалаудағы шеберлігі, тарихи тұлғаның көркемдік болмысын, адами құндылығын танудағы орны бір-бірін толықтырып, үндестік тауып отырады. Тарихи тұлға ретінде орталық кейіпкер «романның жүрегі» [5] болып қалмақ.

I. Есенберлиннің «Жанталасындағы» оқиғалар легі мен Абылай жайлы көркемдік ақпарлар Ш.Уәлиханов еңбегіндегі соны ізденістер мен деректер дәп түсіп отырады. Сонымен қатар, қазақ халқы басынан көшкен аса бір ауыр кезең шежіресі» [1]. Бұл – роман-хроника. Шығарманың алғашқы бөлімінде автор «Ел басына төнгелі келе жатқан мұндай ауыр кезеңді дұрыс ұғып, терең болжап, болашақ тарихы мен тағдырының төрт жағынан бірдей соққалы тұрған сұрапылдан халқын құтқарар кім бар?» [6] деп сауал жолдай отырып, оқырманына ой тастайды. Шығарманың тұла бойынан іздеуге тиіс басты қаһарманының, орталық кейіпкерінің тұлғалық әлеуетін ашып көрсетеді. «Жанталас» романы шегініске жол беріп, аталған кезеңге дейін өткен хандар жайлы деректерді қозғай отырып, Бұқар жырауға айта отырып, болашақ хан Абылайдың жастық шағына саяхат жасайды.

Абылайдың бейнесін жасауда, тарихи туындының композициялық құрылымын ширатуда диалог, монолог, портреттік суреттеме, қосалқы сюжеттер қолданылған. Шығармада басты кейіпкердің сыртқы болмысын ғана көрсетіп қоймай, ішкі психологиялық иірімдерін ашуға күш салады. Бұқар жыраудың «Көшпенділер» фильмінде бой көрсететін «Сәуегей Оразбен», Сабалақпен кездесуі отыздың бел ортасынан асып, қамал алар қырыққа жақындаған Төле бидің қосында болады. Шұбат ішіп, кеңес құрып, диалогқа жол ашады.. «Шоқша сақалды, кең мандайлы» Бұқар жырау «адамға тесіле қарайтын үлкен сұрғылт көзді, ат жақты, ақсұр жігіттің», яки, болашақ Абылайдың батырға тән «қозғалыс-қимылында бір пандық, тәкаппарлық байқалатынын» [6], оның жай адам емес екенін байқайды. Абылай болмысын дәл көрсетуге қаламгер қандай жол тапты деуде болашақ ханның тірегі болған Жыраулық поэзия өкілі Бұқарды көлденең қоямыз. Бұқар жыраудың «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда» деп басталатын толғауында «Он бес жасқа келгенде, Арқада Әбілмәмбет төренің Түйесін баққан құл едің. Абылай атың жоқ еді, Сабалақ атпен жүр едің. Оны да көрген жерім бар» деп шығармашылық дарынымен қуатты, бояуы қанық, жанды сурет жасалған. Абылайдың хан тұқымына тартқан аяусыз, жойқын мінезін Пугачевшіл Керейді ат құйрығына байлап жазалайтынын суреттеуінде, Ш.Уәлихановтың «Ни один хан не имел такой неограниченной власти, как Аблай. Он первый предоставил своему произволу смертную казнь, что производилось прежде не иначе, как по положению народного сейма...» деген суреттеуіне негіз еткен.

«Адамның сырт сипатына деген тосын әуестік – ықылым заманнан келе жатқан әдет. Жұртшылық таныс, жақын, бөтен кісілердің өңінен олардың рухани-адамгершілік болмысын іздестіре қарайды» [7,6]. Тәуке хан атасы қанішер Абылайды көргенде оның сұсты, салқын келбетін «қара сұр, ат жақты, үлкен сұр көзді. Түсі орасан суық. Адам бетіне қарағанда, екі көзі тасырайып, ең болмаса кірпіктерінің ұшы да қимылдамай, өңменіңнен өтіп кете жаздайды» - деп портретін жасай отырып, оның оңай адам болмайтынын бағамдайды. «Шығармашылық үдерісте көркем образ сомдау, яғни характердің әуелгі қалпынан толық мүсінделер шағына дейінгі даму жолын ойластырылған кейіпкердің сыртқы кескіні туралы анық та кең ұғым жасай білуден басталады» [7,5]. Атасы Абылай мен немересі Әбілмансұрдың портреттік болмысында өзгешеліктен гөрі ұқсастық басым. «Адамға тесіле қарайтын үлкен сұрғылт көзді, ат жақты ақ сұр жігіт» делінген сипаттаудағы «тесіле қарау» екеуіне де тән. Портреттік сипаттан байқалған қаталдық та атадан дарыған тұрпат десек те болады.

Елдің қамы ердің мойнында екенін де анық түсінген ханның әлеуетіне оқырманы да түсіністікпен қарап, жоғары бағалайды. Баршаға аян Мағжан ақынның «Батыр Баян» поэмасында туған інісі мен оның сүйген қызын өлтірген аға трагедиясы романда да сол аянышты қалыпта проза тіліне орын алады. Поэмада бір құрсақта тулаған інісін өлтіріп, өз күшігін жеген бөрідей болдым-ау деп өзін жегідей жеген Батыр Баян: «Жоқ, әлде, жоқ... Әлде... өлтірдім бе,

Інімді алты алаштың намысы үшін?! – деп іштей арылса: тарихи романда Ілияс Есенберлин Баян ойындағы кесек орамды Абылай ханның аузына салады. Оқиғаға қаныққан Абылай: «– Жоғалтқаның көп болса да, үкімің адал екен. Халық намысы ер құнынан артық, – деді, қайғың тек өзіндікі... Ал ата жолы бәріміздікі. Одан таймағаның – бәріміздің абыройымыз». Ата жолы...» [6] деп ханға тән қылық танытып, Баянның бойын тіктейді. Ата жолы Абылай үшін заң. Тәуке ханның «Жеті жарғысын» тірек етеді, «ұлық болсаң, кішік бол» деген тағылымнан аттамайды. Тарихи адам – қаншама ұлы, кемеңгер, кемел саясатшы болғанымен, ол да жұмыр басты пенде. Арнасын кеңіте алатын қуатымен бірге сабасына түсіп, сызыла алатын, кейде сарқылатын да» [1] тығырыққа тірелетін де сәттері болады. Шығармада көрініс беретін бір оқиғада ашу үстінде хан Абылай жазықсыз Ботақан деген ер мінезді, намысқой азаматты зынданға тастайды. Жазықсыздығын мойындаған Абылайдың босатқанын місе тұтпай, «мені көрге тыққан жеріңнен шықпаймын» деп өзін-өзі жарып жібереді. Адам төзгісіз сұмдыққа куә болған халық үре түрегеледі. Осы сәтте Абылай ханның алғырлығы, керек кезінде айыбын мойнымен көтеретін ер мінезділігі көрініс береді. Айыбын мойындап, кешірім сұрап Тәуке ханның «Жеті жарғысына» сәйкес, ер жігіттің құнын төлеп, асын өткізуді мойнына алады.

Нәтижелер мен талқылаулар

«Жанталаста» Абылай бастаған қазақ қолдарының елімізге жоңғар мемлекетінің түбіне жетіп, кезекті қадамын қазақ даласына жасаған қытайлықтарға, қоқандықтарға, қапысын тауып, жау жағадан алғанда, етекпен тартатын қырғыз манаптарына тойтарыс беруі, сол кезеңдегі сұлтан атанған Абылайдың елге қадірі асып, Әбілмәмбет хан көз жұмған соң, Орта жүзге, кейіннен күллі қазаққа хан сайланғаны көрініс береді. Әдебиетте хроникалды тарихи романда тұтас сюжет болмайды. Оқиғалар өз ретімен баяндалады. Ғалым Ш.Елеукеңовтың пайымдауынша «роман-хроника жанрын Есенберлин көшелі ойларға жетелейтіндей етіп дамытты. Оның идеологиялық әрін арттырды» [3].

Бұқар жырау мен Абылай хан арасындағы диалог халық жағдайына, ішкі, сыртқы дипломатиялық саясат жайында пікір алмасуларға қисындалған. Әлденеше сауал қойып, тиісті жауабын іздестіруге жетелейді. – Билік пен халық ара қатынасы қандай болуға керек? Қазақ елінде өлім жазасын тұңғыш енгізген Абылай ханның тәуекелге бел буатын кездері де аз емес. Жер дауы мұрындық болып, ағайынға өкпелеп, қолына қару алуға дейін барған Садыр руы Әндіжанға көшпек. Ел бірлігіне қол жеткізе алмай отырған тұста алауыздық туғызған руды хан аяусыз жазаға тартпақ болады. Сонда «Ел күйінсе де, ер күйінбес болар» деп Бұқар жырау: қол жіберудің қажеті болмас, өзім сөйлесіп көрейін, он жігіт қосып бер, деп басу айтады. Бұқар жыраудың «Садыр қайда барасың, Сарысуды көбелеп?» деп басталатын толғауы сонда туған. Толғауда жырау тарапынан үстемдік бар. Бұқар бұл жолы арғын атынан сөйледі. «Ақмырзамды өлтірдің, Ақ сойылмен төбелеп» деп айып таға келеді. Абылай алдында бітіспесең, «Ауызыңнан ас кетер, Қара көзден жас кетер, Бұ қылығың қоймасаң, дулығалы бас кетер» дейді. Аталған оқиға Шоқан Уәлихановтың шығармалар жинағының 1-томының 180-бетінде жарияланған «Абылай туралы» жырдан кездестіреміз. Сөзге тоқтау – қазақтың ежелгі әдеті. Садыр руы бітім сөзге құлақ асады. Мұндай оқиғалар бірнеше рет қайталанады. Абылайдың тұлғалық әлеуетінің толысуына әрдайым жанында кеңесші ретінде жүрген Бұқар, Тәтіқара, Үмбетей секілді жыраулардың орны бар. Абылайдың тағы бір қыры топ ішінен суырылып шыққан тұлға атаулыны тани да, бағалай да білетін.

Абылай мен Бұқар жыраудың тұлғалық бітімі бөлек. «Жазушы Есенберлин екеуін де көкжиегі кең, бірін бірі түсініскен Қазақ елінің бақытты болашағын көздейтін үлкен стратегияның адамдары етіп суреттейді» [3]. Алты алашқа – мәңгі ұмытылмас өсиет. Жырау кеңесі Абылайдың назарынан тыс қалмаған. Әдебиеттің тарихи шығармаға жүктеген ұлт тағдырын ойласудағы рөлін бұл көсемнің терең түсіне білгендігі романда жанжақты көрсетілген. І.Есенберлиннің Абылай, Бұқар бейнелерін сомдаған, тұлғалық әлеуетін қанықтырған романы біз үшін, келер ұрпақ үшін ғибраты мол қазына. Шығармаға арқау болған «Адам тағдыры – жазушы үшін шығарма арқауы ғана емес, өмірді танудың өзгеше тәсілі» [8]. Абылай болмысы “Жанталастағы” барлық тарихи дерекке негізделген сюжеттер негізінде ашылып отырады.

Қырағы оқырман қалт жібермейтіндей, өзіндік ой түйетіндей тұстарды қаламгер қарымы қалт жібермеген. Тағы бір ескерер мәселе, роман жазылған уақыт талабы. Уақыт қойған шектеуден шығып, халық қалап хан сайлаған тұлғаның болмысының әйгілі болуы қаламгердің сұңғылалығымен қоса, хан Абылайдың өткен өмірінен сыр шертетін тарихи деректердің көптігі де әсер етті. Осынау атырапты жаудан қорғаған хан Абылайдың ерлігі мен еңбегі көркем шығармада елеусіз қалмағандығы қаламгердің тарихи дерекке, аңыз-әңгімелерге, жыр-дастандардағы елеулі ерліктеріне сүйенгендігінде. Сүйене отырып, Абылайдың тұлғалық өсуін (ханым тапқан ұл – түйе баққан құл – Абылайлап жауға шапқан дүр – кернеуінен асқан сәтін бағамдай алатын ақыл иесі – ел ертеңіне елендей қараған кемеңгер) бағамдайды. Тізбектегі соңғы ойға назар салсақ, Абылай даналығының шегі сияқты. Ел ертеңіне алаңдаған орталық кейіпкер “Өкінішім, деді Абылай күсініп. – Өз басымның өкініші.... үш жүздің басын қоса алмадым: аз елге хан болдым. Қазаққа мал емшегін емізгенмен, жер емшегін емізе алмадым” [6]. Осы өкініштен алты алашты билеп-төстеген, аз ғана күннің ұсынған сыйын місе тұтқан төре тұқымын емес, ел қамын жеген, ертеңін ойлаған ұлы ханның болмысын танимыз. Себебі қазақтың түбіне жететін берекесіздік пен мал соңынан өріске шейін ғана өре түрегелетін қазақтың “егіннің ебін, сауданың тегін үйреніп, ойлайтын” (Абай) сәттің қаншалықты құнды екенін хан бағамдап отыр. Осындай тарихи өлшеммен таразыланған тұлға болмысын таныту, болашақ жастарға оқытумен, жол сілтеумен жүзеге асады. Шын мәнінде, көркем әдебиет оқырманды кейіпкердің ішкі әлеміне терең бойлай алатын артықшылыққа ие етеді.

«Әдіс» – білім беруде оқытушы мен білім алушының (білімгер) «бірігіп атқаратын оқу-танымдық іс-әрекеті. Сабақ тақырыбына лайық дұрыс таңдалған әдіс арқылы білімгер жаңа білім мазмұнын игереді, жаңа білік-дағдыларға ие болады, қабілеті жетілдіріліп, белгілі бір дүниетанымдық көзқарасы қалптасады [9]. Әдебиетте шығарманы оқытудың сан қилы тәсілдері бар. Біз қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесін негізге аламыз. Бір әдіске байланып қалуға болмайды. Сондықтан біз кейіпкер тұлғасын танытуда өзіндік ерекшелігі бар бірнеше әдіске тоқталамыз.

Бұл зерттеудің мақсаты – жоғары оқу орындарындағы математикалық пәндерді оқытуда жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын пайдаланудың білімгерлердің мотивациясы мен эмоционалдық жағдайына әсерін тереңірек түсіну. Зерттеудің негізгі идеясы ЖИ-ді оқыту процесіне интеграциялау білімгерлердің оқуға деген қызығушылығын арттырып, өзіне деген сенімділігін нығайтуы мүмкін деген болжамға негізделген. Зерттеудің негізгі бағыттары ЖИ-дің білімгерлердің мотивациясына, эмоционалдық күйіне, ЖИ-ге деген көзқарасына және ЖИ-дің оқыту процесіндегі рөліне әсерін анықтауға бағытталған. Бұл зерттеудің ғылыми маңыздылығы ЖИ-дің білім берудегі рөлі туралы ғылыми білімді толықтыруға, ал практикалық маңыздылығы ЖИ құралдарын тиімді қолдану арқылы білімгерлердің оқу үрдісін жақсартуға бағытталған. Зерттеу нәтижелері оқытушыларға, білім беру саясатын жасаушыларға және ЖИ құралдарын әзірлеушілерге пайдалы болуы мүмкін. Зерттеу әдістемесі аралас әдістерді қолдануға негізделген. Деректер жинау үшін сауалнама, бақылау және сұхбат әдістері пайдаланылды. Сауалнама білімгерлердің ЖИ-ге деген көзқарасын, мотивация деңгейін және эмоционалдық жағдайын бағалау үшін қолданылды. Бақылау сабақтарда ЖИ құралдарын пайдалану кезінде білімгерлердің мінез-құлқын және реакцияларын анықтау үшін жүргізілді. Сұхбат білімгерлермен ЖИ-дің олардың оқу тәжірибесіне әсері туралы тереңірек түсінік алу үшін ұйымдастырылды. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері ЖИ-ді қолдану білімгерлердің оқуға деген қызығушылығын арттырып, өзіне деген сенімділігін нығайтатынын көрсетті. Дегенмен, ЖИ-ге тәуелділік және адами байланыстың жетіспеушілігі сияқты жағымсыз әсерлер де анықталды. Зерттеу қорытындылары ЖИ-ді білім беру процесіне енгізу кезінде білімгерлердің адами байланысқа деген қажеттіліктерін ескеру және ЖИ-ге тәуелділіктің алдын алу маңызды екенін көрсетеді. Жүргізілген зерттеудің мәні ЖИ құралдарын білім беруде тиімді пайдаланудың мүмкіндіктерін ашу және ЖИ-дің білімгерлердің оқу үрдісіне әсерін толыққанды бағалау болып табылады. Зерттеудің практикалық маңызы ЖИ-ді қолдану арқылы оқыту әдістерін жетілдіруге, білімгерлердің мотивациясын арттыруға және олардың эмоционалдық жағдайын жақсартуға бағытталған. Зерттеу нәтижелері ЖИ-ді білім беру жүйесіне енгізу бойынша нақты ұсыныстар беруге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, мотивация, эмоционалдық жағдай, жоғары математика.

Кіріспе

Жасанды интеллект (ЖИ) қазіргі заманғы білім беру жүйесінде маңызды рөл атқаруда. Автоматтандыру, деректерді талдау және жекелендірілген оқыту мүмкіндіктері арқылы ЖИ технологиялары оқыту әдістерін жетілдіруге, оқытушылардың жұмысын жеңілдетуге және білімгерлердің білім алуын жақсартуға мүмкіндік береді. Жоғары математика сияқты күрделі пәндерді оқытуда ЖИ құралдары білімгерлердің түсінуін және мотивациясын арттыру үшін пайдаланылуда. Білім беруде ЖИ-ді қолданудың тиімділігін бағалау үшін оның білімгерлердің мотивациясы мен эмоционалдық жағдайына әсерін зерттеу маңызды.

Мысалы, Wolfram Alpha сияқты ЖИ-ге негізделген платформалар білімгерлерге күрделі математикалық есептерді шешуге көмектеседі [4], [10]. Бұл платформалар есептің шешімін қадамдық түрде түсіндіріп, білімгерлердің материалды жақсырақ меңгеруіне ықпал етеді. Сондай-ақ, жекелендірілген оқыту жүйелері білімгердің білім деңгейі мен оқу стилін ескере отырып, оған сәйкес оқу материалдарын ұсынады.

Қазіргі таңда білім беру саласында ЖИ технологияларын енгізу қарқынды түрде жүргізілуде [3], [6], [11]. Білімгерлердің мотивациясы мен эмоционалдық жағдайы оқу үрдісінің табыстылығына тікелей әсер ететіндіктен, ЖИ-дің осы аспектілерге әсерін зерттеу өзекті мәселе болып табылады. Осы зерттеудің мақсаты – жоғары оқу орындарындағы математикалық пәндерді оқытуда ЖИ құралдарын пайдаланудың білімгерлердің мотивациясы мен эмоционалдық жағдайына әсерін анықтау. Бұл мақсатқа жету үшін төмендегі міндеттер қойылды:

- ЖИ-ді пайдаланудың білімгерлердің оқуға деген мотивациясына әсерін бағалау.
- ЖИ-ді пайдаланудың білімгерлердің эмоционалдық жағдайына (стресс, мазасыздық, өзіне деген сенімділік) әсерін анықтау.
- Білімгерлердің ЖИ-ге деген көзқарасын және оқыту процесіндегі рөлін зерттеу.
- ЖИ-ді білім беру процесіне тиімді енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Мақаланың практикалық маңыздылығы бірнеше қырынан көрінеді. Біріншіден, мақаланың нәтижелері мен қорытындылары жоғары оқу орындарының оқытушыларына және білім беру мекемелеріне математикалық пәндерді оқыту әдістемелерін жетілдіруге көмектеседі. ЖИ құралдарын пайдаланудың тиімді тәсілдерін анықтау арқылы оқытушылар білімгерлердің оқуға деген қызығушылығын арттыра алады. Мәселен, жекелендірілген оқыту әдістерін қолдану, интерактивті тапсырмаларды енгізу және ЖИ-дің көмегімен кері байланыс беру білімгерлердің мотивациясын жоғарылатады.

Екіншіден, зерттеу нәтижелері ЖИ-ді білім беру бағдарламаларына енгізудің оңтайлы жолдарын анықтауға көмектеседі. Осы мақаланың мәліметтеріне сүйене отырып, білім беру саясатын жасаушылар ЖИ технологияларын қолдану арқылы білім беру сапасын арттыруға бағытталған бағдарламаларды әзірлей алады. Бұл бағдарламалар ЖИ құралдарын пайдаланудың педагогикалық, психологиялық және этикалық аспектілерін ескеруі тиіс.

Үшіншіден, мақала ЖИ құралдарын әзірлеушілерге білімгерлердің қажеттіліктерін ескеретін тиімді және пайдалы ЖИ платформаларын жасауға бағыт береді. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, әзірлеушілер ЖИ құралдарының пайдаланушы интерфейсін жақсартуға, олардың функционалдығын кеңейтуге және білімгерлердің эмоционалдық жағдайына оң әсер ететін мүмкіндіктерді енгізуге көңіл бөле алады.

Төртіншіден, зерттеу ЖИ-дің білімгерлердің эмоционалдық жағдайына әсерін анықтауға көмектеседі. Осының негізінде оқытушылар мен психологтар ЖИ-ді пайдалану кезінде пайда болуы мүмкін стресс, мазасыздық және ЖИ-ге тәуелділік сияқты мәселелерді анықтап, білімгерлерге көмек көрсетуге бағытталған шаралар қолдана алады.

Бесіншіден, мақала оқытушыларға ЖИ құралдарын тиімді пайдалану бойынша білім беруге және олардың кәсіби біліктілігін арттыруға ықпал етеді. Оқытушылар ЖИ технологияларын оқу процесіне енгізудің әдістемелік тәсілдерін меңгеруі, білімгерлермен қарым-қатынас жасаудың жаңа тәсілдерін үйренуі және ЖИ құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын дамытуы қажет.

Алтыншыдан, зерттеу ЖИ құралдарын пайдаланудың қолжетімділігін арттыруға және білім берудегі цифрлық теңсіздікті азайтуға ықпал етеді. Осы мақаланың нәтижелері ЖИ-ді пайдалану мүмкіндігі шектеулі білімгерлерге қолдау көрсетуге және олардың оқу үрдісіне қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды әзірлеуге көмектеседі.

Жалпы алғанда, бұл зерттеу ЖИ технологияларын тиімді пайдалану арқылы жоғары білім берудің сапасын арттыруға бағытталған. Білімгерлердің мотивациясын арттыру, олардың эмоционалдық жағдайын жақсарту және оқыту әдістемелерін жетілдіру арқылы жоғары білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға болады. Осылайша, мақаланың практикалық маңыздылығы білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде оң өзгерістерге ықпал ететін кең ауқымды әсерлерге ие.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында қолданылған әдістер мен материалдар білімгерлердің жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын қолдану барысында мотивациясының және эмоционалдық жағдайының ерекшеліктерін толық зерттеуге мүмкіндік берді. Бұл зерттеу білім беру саласындағы ЖИ-дің ықпалы мен мүмкіндіктерін жан-жақты қарастыруға бағытталған. Осы мақсатқа жету үшін әртүрлі әдіс-тәсілдер қолданылып, алынған деректер негізінде нақты қорытындылар жасалды.

Алдымен, шетелдік, орыс және қазақстандық ғалымдардың ЖИ-дің білім берудегі рөлі, білімгерлердің мотивациясы мен эмоционалдық жағдайына әсері туралы жазылған еңбектеріне әдебиеттік шолу жүргізілді. Шетелдік зерттеушілердің арасында W. Holmes, M.Bialik және C.Fadel (2019) өздерінің “Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning” атты еңбектерінде ЖИ-дің білім беруде қолданылуының артықшылықтары мен қауіптерін кеңінен қарастырды [1]. Бұл еңбектің негізгі назарында ЖИ технологияларының оқыту мен оқу процесіне қалай ықпал ететіндігі, оның тиімділігі мен білімгерлердің оқу тәжірибесіне әсері туралы мәселелер тұрды. Сонымен қатар, орыс ғалымдары В.П. Тихомиров, Ю.С. Васильев және И.Г. Гаврилова (2018) “Интеллектуальные системы в образовании” атты кітабында интеллектуалды жүйелердің білім берудегі қолданылуын тереңінен зерттеді [2]. Олар білім беру саласында ЖИ қолданудың тиімділігін көрсетіп, бұл құралдардың оқу процесін жекелеңдіріп, білімгерлердің оқуға деген қызығушылығын арттыруға ықпал ететінін атап өтті. Қазақстандық ғалымдар С.Қ. Құдайбергенова мен С.Қ. Әбілдина (2020) өздерінің “Жасанды интеллект және білім беру: мүмкіндіктер мен перспективалар” мақаласында Қазақстанда ЖИ қолданудың даму әлеуеті мен мүмкіндіктерін талқылады [3]. Бұл зерттеулер білімгерлердің ЖИ құралдарына деген көзқарасы мен оның оқу процесіне қалай ықпал ететінін зерттеудің маңызды ғылыми негіздерін қалады. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелерін талдауда В.П. Митрофанов [6], Т.В.Алексеева [7], Кузнецов И.В. [11] және Chen L. мен әріптестері [12] еңбектері пайдаланылды.

Зерттеу дизайны аралас әдістерді қолдануға негізделген, бұл дегеніміз сандық және сапалық әдістерді біріктіріп, ЖИ құралдарының білімгерлердің оқу процесіне әсерін толық бағалауға мүмкіндік берді. Сандық деректер алу үшін сауалнама жүргізілді, оның көмегімен білімгерлердің ЖИ-ге деген көзқарасы, мотивациясы және эмоционалдық жағдайы бағаланды. Сауалнама сұрақтары білімгерлердің ЖИ құралдарын пайдалану кезіндегі сезімдері, материалды түсіну деңгейі және оқу процесіне қатысуы туралы ақпаратты жинауға бағытталды. Сауалнама нәтижелері білімгерлердің ЖИ технологияларын оқу процесінде қалай қабылдайтынын, олардың мотивациялық деңгейін және эмоционалдық күйін көрсететін деректерді қамтыды.

Бұдан бөлек, сабақтар барысында ЖИ құралдарын пайдалану кезіндегі білімгерлердің мінез-құлқы мен реакциялары бақыланды. Бақылау әдісі білімгерлердің сабаққа қатысу белсенділігі, сұрақтар қоюы, тапсырмаларды орындау жылдамдығы және ЖИ құралдарымен жұмыс істегенде олардың эмоционалдық күйін тіркеуге мүмкіндік берді. Бұл әдіс оқу процесіндегі нақты өзгерістер мен білімгерлердің ЖИ құралдарына деген реакциясын бақылауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында сұхбат әдісі де қолданылды. Сұхбат білімгерлердің ЖИ құралдарын қолдану тәжірибесін тереңірек түсіну үшін ұйымдастырылды. Сұхбат барысында білімгерлердің оқуға деген мотивациясын, ЖИ құралдарын пайдалану кезіндегі эмоциялық жағдайларын талқылауға мүмкіндік алынды. Сұхбаттар білімгерлердің оқу тәжірибесінде ЖИ технологияларының оң және теріс жақтарын түсінуге, олардың оқу үдерісіне қатысу деңгейін анықтауға септігін тигізді.

Сауалнамаға жалпы «Математика» мамандығының 48 білімгері қатысты. Олар екі топқа бөлінді: 1 курс «Алгебра және сандар теориясы» пәні бойынша 35 білімгер (оның ішінде 20 ер бала және 15 қыз бала); 3 курс «Математикалық анализ» пәні бойынша 13 білімгер (4 ер бала және 9 қыз бала).

Бұл топтардың таңдалуы зерттеудің шеңберінде әртүрлі курс деңгейіндегі білімгерлердің ЖИ құралдарын қолдануға деген көзқарасы мен әсерін салыстыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері белгілі бір деңгейде репрезентативтілікке ие, дегенмен, қатысушылардың саны шектеулі болғандықтан, жалпылама қорытынды жасауға сақтықпен қарау қажет.

Зерттеу барысында білімгерлерге жасанды интеллекттің бірнеше танымал платформасы ұсынылды. Олардың ішінде ChatGPT (OpenAI), Socratic (Google) және Photomath сияқты құралдар болды. Бұл құралдар математикалық тапсырмаларды шешу, теориялық материалды түсіндіру және кері байланыс беру мақсатында қолданылды. Әрбір платформа өз функцияларына қарай қолданылды:

- ChatGPT – күрделі теориялық ұғымдарды түсіндіру және сұрақтарға жауап беру;
- Socratic – нақты сұрақтар мен есептердің шешімін визуалды түрде ұсыну;
- Photomath – математикалық есептерді сканерлеп, шешу жолдарын көрсету.

Сауалнама нәтижелері Excel және SPSS бағдарламалары арқылы өңделді. Алынған деректер пайыздық көрсеткіштермен қатар, дисперсиялық талдау (ANOVA) және корреляциялық талдау (Pearson коэффициенті) әдістерімен талданды. Атап айтқанда:

– ЖИ құралдарын қолданғаннан кейін мотивация деңгейінің артуы бойынша білімгерлердің 72,9%-ы оң өзгерісті сезінгені байқалды. Мотивация деңгейінің орташа мәні 6.2-ден 7.8-ге дейін көтерілді, бұл 25.8% өсімді көрсетеді.

– Корреляциялық талдау нәтижесінде мотивация деңгейі мен ЖИ қолдану жиілігі арасында орташа деңгейдегі оң байланыс анықталды: $r = 0.61, p < 0.05$. Бұл ЖИ құралдарын жиі қолданатын білімгерлердің мотивациясы жоғары болатынын көрсетеді.

– Эмоционалдық жағдай бойынша дисперсиялық көрсеткіштерге сәйкес, ЖИ қолданған білімгерлер тобында жауаптардың шашыраңқылығы аз болды ($\sigma^2 = 0.34$), ал бақылау тобында бұл көрсеткіш $\sigma^2 = 0.58$ болды. Бұл ЖИ құралдарының білімгерлердің эмоционалдық тұрақтылығына оң ықпал етуі мүмкін екендігін меңзейді.

Осылайша, зерттеу әртүрлі әдіс-тәсілдерді біріктіріп, білімгерлердің ЖИ құралдарын пайдалану кезіндегі мотивациясы мен эмоционалдық жағдайына жан-жақты баға беруге мүмкіндік берді [8].

Нәтижелер мен талқылаулар

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын пайдалану білімгерлердің оқуға деген мотивациясын арттырады және олардың эмоционалдық жағдайын жақсартады. Сауалнамаға қатысқан білімгерлердің 70%-ы ЖИ көмегімен оқу материалын түсіну жеңілдегенін және тапсырмаларды орындау қызықтырақ болғанын атап өтті. Бұл көрсеткіш ЖИ-дің оқу үдерісінде білімгерлердің белсенді қатысуына, оқуға деген қызығушылығын арттыруына және білімді меңгеру үдерісін оңтайландыруға көмектесетінін дәлелдейді.

Білімгерлердің пікірінше, ЖИ-дің жекелендірілген оқыту мүмкіндіктері олардың өзіне деген сенімділігін арттырып, эмоционалдық жағдайын жақсартады. Әсіресе, ЖИ құралдары әр білімгердің жеке қажеттіліктеріне бейімделіп, оқу процесін олар үшін ыңғайлы әрі қолайлы етіп ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, білімгерлердің оқу процесіне толыққанды қатысуына және олардың танымдық қызығушылығының өсуіне әкеледі.

Бақылау барысында ЖИ құралдарын пайдалану кезінде білімгерлердің белсенділігі артқаны байқалды. Олар жиі сұрақ қойып, талқылауларға белсенді түрде қатысқан. Мысалы, сабақта ЖИ-ді пайдаланып күрделі геометриялық фигураларды модельдеу кезінде білімгерлер олардың қасиеттерін зерттеуге көбірек қызығушылық танытты. Бұл олардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, сұрақ қою белсенділігін 30%-ға дейін жоғарылатты. Бұл факт ЖИ құралдары білімгерлерге өздерінің білім алуын тереңдетуге және жаңа ақпаратты қабылдауға ықпал ететінін көрсетеді [5], [9], [10].

«Алгебра және сандар теориясы» сабағында ЖИ негізіндегі онлайн калькулятор ұсынылды, ол білімгерлерге матрицалармен амалдарды орындау үшін қажетті қадамдарды көрсетті. Бақылау көрсеткендей, калькуляторды пайдаланған білімгерлердің 65%-ы оның қадамдық шешімдерді ұсыну мүмкіндігінің арқасында материалды тереңірек түсінгендерін атап өтті. Бұл жағдайда ЖИ білімгерлерге тек есептерді шешуге көмек көрсетіп қана қоймай, олардың логикалық ойлау және проблемаларды шешу қабілеттерін дамытуға да ықпал етті.

Сұхбат барысында білімгерлер ЖИ-дің көмегімен күрделі материалдарды жеңіл түсінуге болатынын, бұл олардың өзіне деген сенімділігін арттыратынын айтты. Мысалы, бір білімгер ЖИ көмегімен математикалық дәлелдеулерді қадамдық түрде түсіну оның пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқуға деген мотивациясын күшейткенін айтты. Мұндай тәжірибе білімгерлердің өздігінен оқуға деген ынтасын оятуға мүмкіндік береді [1], [4], [12], себебі олар қиын мәселелерді шешу үшін қадамдық көмек алу мүмкіндігіне ие болады.

Одан бөлек, «Математикалық анализ» пәнін оқитын білімгер ЖИ көмегімен функциялардың графиктерін салу және олардың қасиеттерін зерттеу арқылы пәнді жақсырақ түсінгенін атап өтті. ЖИ-дің визуализация мүмкіндіктері білімгерлердің абстрактілі түсініктерді нақты сурет түрінде көруіне мүмкіндік беріп, бұл олардың пәнді түсіну деңгейін арттырды. Бұл зерттеу нәтижелері ЖИ-дің визуализацияға арналған құралдар ретінде тиімді қолданылуын және оның математикалық пәндер бойынша білімді меңгеруді жеңілдететінін көрсетеді.

Дегенмен, зерттеу барысында ЖИ-дің жағымсыз әсерлері де анықталды [7], [14]. Білімгерлердің бір бөлігі ЖИ-ге тәуелділік пен адами байланыстың жетіспеушілігінен қорқатындарын айтты. Кейбір білімгерлер ЖИ-сіз тапсырмаларды орындау қиындық тудыратынын және оқытушымен тікелей қарым-қатынас жасаудың маңыздылығын атап өтті. ЖИ-дің білімгерлердің өздігінен ойлау қабілетін төмендетуі мүмкін екендігінен алаңдаушылық білдіргендер де болды. Мысалы, бір білімгер егер ол үнемі ЖИ көмегімен есептерді шешсе, онда ол өздігінен ойлау және есептерді шешу дағдыларын жоғалтып алуы мүмкін екенін айтты. Бұл пікір ЖИ-ге тәуелді болудың теріс ықпалын ескеруге қажеттілікті көрсетеді.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер ЖИ-ді білім беру процесіне енгізу кезінде оның жағымды және жағымсыз әсерлерін ескеру қажет екенін көрсетеді (1-кесте). ЖИ-дің білімгерлердің оқуға деген мотивациясын арттыру және эмоционалдық жағдайын жақсарту үшін пайдалануға болады, бірақ оның адами байланысты алмастырмайтынын және ЖИ-ге тәуелділіктің алдын алу керектігін ұмытпау керек. Бұл тұрғыда ЖИ-ді дұрыс және теңгерімді пайдалану өте маңызды. Оқытушылар мен білімгерлер арасында өзара қарым-қатынас пен ынтымақтастықтың сақталуы қажет, ал ЖИ тек көмекші құрал ретінде ғана қолданылуы тиіс.

Кесте 1 – Нәтижелердің қысқаша кестесі

Көрсеткіш	ЖИ-ді қолданғанға дейін (орташа мән)	ЖИ-ді қолданғаннан кейін (орташа мән)	Өзгеріс (%)
Оқуға деген мотивация (10 балдық шкала)	6.2	7.8	+25.8
Өзіне деген сенімділік (10 балдық шкала)	5.5	7.0	+27.3
Стресс деңгейі (10 балдық шкала)	4.8	3.5	-27.1
Сұрақ қою белсенділігі (сабақ барысында)	2.1	3.5	+66.7
Материалды түсіну (10 балдық шкала)	5.8	7.5	+29.3
ЖИ-ге тәуелділік (10 балдық шкала)	-	3.2	-

Жалпы алғанда, ЖИ-ді білім беру процесіне енгізу оның тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, бірақ осы процесті дұрыс ұйымдастыру, білімгерлердің қажеттіліктеріне жауап беру және ЖИ-ге тәуелділіктің алдын алу маңызды болып табылады. ЖИ құралдары оқу процесін байытады, білімгерлердің мотивациясын арттырып, эмоционалдық жағдайын жақсартады, бірақ оның артықшылығын толыққанды пайдалану үшін оны дұрыс бағытта қолдану қажет.

Қорытынды

Жасанды интеллект (ЖИ) білім беру саласында оқу процесін жақсарту, білімгерлердің мотивациясын арттыру және олардың эмоционалдық жағдайын қалыптастыру үшін қуатты құрал ретінде қарастырылуда. ЖИ-дің мүмкіндіктері өте кең, бірақ оның тиімділігі тек дұрыс қолданылуына байланысты. Егер ЖИ құралдарын дұрыс пайдалану әдісін қалыптастырмасақ, олардың білімгерлерге әсері оң болмауы мүмкін. ЖИ-дің білімгерлердің мотивациясы мен эмоционалдық жағдайына оң әсер етуі үшін оны тиімді әрі ұтымды қолданудың бірнеше негізгі аспектілері бар.

Ең алдымен, ЖИ құралдарының білімгерлердің оқу процесіне ықпал етуі үшін оларды тек оқытушының жетекшілігімен және білімгерлермен тікелей қарым-қатынас жасау арқылы үйлестіру қажет. ЖИ-ді білім беру процесіне енгізу кезінде оқытушының рөлі айрықша маңызды. ЖИ оқытушының орнын алмастыруы керек емес, тек оның жұмысын толықтырып, оқу процесін жетілдіруі тиіс. Оқытушылар білімгерлермен тікелей байланыс орнатып, олардың сұрақтарына жауап беріп, түсіндіру жұмыстарын жүргізу арқылы ЖИ құралдарының тиімділігін арттыра алады. Бұл жағдай білімгерлердің жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың білім алу процесіне қызығушылықтарын сақтап қалуға мүмкіндік береді.

ЖИ құралдарын білім беру саласында пайдалану барысында білімгерлердің адами байланысқа деген қажеттіліктерін ескерудің маңызы ерекше. Тек ЖИ арқылы оқыту білімгерлердің әлеуметтік дағдылары мен тұлғалық дамуына кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан, ЖИ мен адамның өзара әрекеттесуін үйлестіре отырып, оқыту процесін жақсарту қажет. Мұндай тәсіл білімгерлердің ЖИ-ге тәуелділікке ұшырауына жол бермейді, олардың өздігінен ойлау қабілеттері мен сыни тұрғыдан ойлау дағдылары сақталады.

Екіншіден, білімгерлерді ЖИ-ді сыни тұрғыдан бағалауға және оған тәуелді болмауға үйрету қажет. ЖИ – бұл тек құрал, ал оның тиімділігі білімгердің оны дұрыс пайдалану қабілетіне тікелей байланысты. Білімгерлерге ЖИ-дің мүмкіндіктері мен шектеулерін түсіндіріп, оларды өз білімдерін кеңейту мен жаңарту үшін қолдануды үйрету қажет. Білімгерлер өздігінен ойлауды және проблемаларды шешуді үйренуі тиіс, сондықтан олар ЖИ құралдарын оқу мақсаттарына сай пайдаланып, оның орнына өздерінің білім алу әдістерін қалыптастыруға бағытталуы керек. ЖИ-ді тиімді пайдалану үшін білімгерлердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері дамыған болуы тиіс [1], [13]. Бұл ЖИ құралдарына тәуелді болмауды, оны тек көмекші құрал ретінде қарастыруды қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, ЖИ құралдарын әзірлеу барысында білімгерлердің жеке қажеттіліктері мен эмоционалдық жағдайы ескерілсе, олар тиімдірек жұмыс істейді. ЖИ құралдары әр білімгердің жеке ерекшеліктеріне, қажеттіліктеріне және психоэмоционалдық жағдайына бейімделген жағдайда ғана олардың оқу процесінде оң нәтижелерге қол жеткізуге болады. Әрбір білімгердің түрлі оқу стилі мен қабылдау ерекшеліктері болғандықтан, ЖИ құралдарын әртүрлі деңгейде және жеке көзқараспен жасау маңызды. Бұл тәсіл білімгерлердің оқу процесіндегі жайлылығын қамтамасыз етіп, олардың мотивациясын арттырады [3], [6]. Мысалы, кейбір білімгерлерге визуализация немесе интерактивті тапсырмалар арқылы оқу материалдарын ұсыну тиімді болуы мүмкін, ал басқалары үшін мәтіндер мен жазбаша түсініктемелер көбірек қолайлы болуы ықтимал. ЖИ құралдары осы қажеттіліктерге сәйкес бейімделген кезде білімгерлер өздерінің білім алу процесін жақсырақ меңгеруге мүмкіндік алады.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер ЖИ-ді білім беру саласында дұрыс қолданудың маңыздылығын көрсетеді. Егер ЖИ құралдары тиімді әрі дұрыс қолданылса, білімгерлердің оқу процесіне қатысу деңгейі артып, оларды оқу барысында жаңа тәсілдермен таныстыру мүмкіндігі пайда болады. Бұл өз кезегінде білімгерлердің оқуға деген мотивациясын арттырып, олардың эмоционалдық жағдайын оң әсер етеді. ЖИ құралдарын оқу процесіне интеграциялау білімгерлердің оқу сапасын жақсартуға, олардың білімін тереңдетуге және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді [15].

ЖИ-дің білім берудегі оң әсерлерін арттыру үшін оның тек құрал ретінде емес, оқытушы мен білімгердің өзара қарым-қатынасын жеңілдететін және жетілдіретін технология ретінде қарастырылуы керек. ЖИ білімгерлердің жеке ерекшеліктеріне, оқу стилдеріне және мотивациялық деңгейлеріне бейімделгенде, ол оқу процесін сапалы түрде жақсартады. Дегенмен, ЖИ құралдарының артықшылығы мен кемшіліктерін дұрыс түсініп, оны білім беру процесінде тиімді пайдалану өте маңызды. Осылайша, ЖИ-ді білім беруде ұтымды пайдалану оның тиімділігін арттырып, білімгерлердің оқуға деген мотивациясын, олардың эмоционалдық жағдайын жақсартып, білім беру сапасын жоғарылатуға септігін тигізеді [1], [5], [12].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Холмс Ю., Биалик М., Фадел К. Искусственный интеллект в образовании: обещания и последствия для преподавания и обучения. – Бостон: Центр по переосмыслению учебных программ, 2019. – 154 с.
2. Тихомиров В.П., Васильев Ю.С., Гаврилова И.Г. Интеллектуальные системы в образовании. – Москва: Бином, 2018. – 312 с.
3. Құдайбергенова С.Қ., Әбілдіна С.Қ. Жасанды интеллект және білім беру: мүмкіндіктер мен перспективалар // Білім және қоғам. – 2020. – №2. – 45-52 бб.
4. Лакин Р., Холмс Ю., Гриффитс М., Форс Л.Б. Раскрепощённый интеллект: доводы в пользу ИИ в образовании. – Пирсон Эдюкейшн, 2016.
5. Вульф Б.П. Создание интеллектуальных интерактивных репетиторов: стратегии, ориентированные на обучающегося, для революции в электронном обучении. – Берлингтон: Морган Кауфман, 2009. – 381 с.
6. Митрофанов В.П. Внедрение искусственного интеллекта в образовательный процесс // Образование и наука. – 2021. – №7(146). – С. 72-91.
7. Алексеева Т.В. Возможности применения искусственного интеллекта в образовании // Вестник университета. – 2020. – №5. – С. 113-116.
8. Селвин Н. Должны ли роботы заменить учителей? ИИ и будущее образования. – Полити Пресс, 2019. – 224 с.
9. Кораблева О.Н., Каракин А.В. Применение систем искусственного интеллекта в процессе обучения // Современные проблемы науки и образования. – 2020. – №3. – Қолжетімді: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=29585> (Қыру уақыты: 25.04.2025).
10. Хеффернан Н., Хеффернан К. Экожүйе ASSISTments: платформа, объединяющая ученых и учителей для минимально инвазивного исследования обучения и преподавания человека // International Journal of Artificial Intelligence in Education. – 2014. – Т. 24, №4. – С. 470-497.
11. Кузнецов И.В., Макаров П.В. Исследование влияния искусственного интеллекта на мотивацию студентов // Педагогическое образование в России. – 2021. – №1. – С. 111-117.
12. Чен Л., Чен П., Линь З. Искусственный интеллект в образовании: обзор // IEEE Access. – 2020. – Т. 8. – Б. 75264-75278.
13. Шапиро Х., Селлюлар С., Педерсен И. Искусственный интеллект и будущее обучения: доклад экспертной группы. – OECD Publishing, 2020.
14. Ермолаева Е.П. Проблемы применения искусственного интеллекта в образовательной среде // Сибирский педагогический журнал. – 2022. – №5. – С. 18-24.
15. Амет П., Трембл Ж. Искусственный интеллект в медицине // Metabolism. – 2017. – Т. 69. – С. 36-40.

REFERENCES:

1. Kholms Yu., Bialik, M., Fadel, K. (2019). Iskusstvennyi intellekt v obrazovanii: obeshchaniia i posledstviia dlia prepodavaniia i obuchenii [Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning]. Boston: Tsentr po peresmysleniiu uchebnykh programm.
2. Tikhomirov V.P., Vasil'ev, Yu. S., Gavrilova, I.G. (2018). Intellektual'nye sistemy v obrazovanii [Intelligent Systems in Education]. Moskva: Binom.
3. Qudaibergenova S.Q., Ábildina, S.Q. (2020). Zhasandy intellekt zháne bilim беру: múmkindikter men perspektivalar [Artificial Intelligence and Education: Opportunities and Perspectives]. Bilim zháne qoғam, (2), 45–52.
4. Lakin R., Kholms Yu., Griffiths, M., Fors L.B. (2016). Raskrepochennyi intellekt: dovody v pol'zu II v obrazovanii [Unleashed Intelligence: Arguments for AI in Education]. Pearson Education.
5. Vulf B.P. (2009). Sozdanie intellektual'nykh interaktivnykh repetitorov: strategii, orientirovannye na obuchaiushchegosia [Building Intelligent Interactive Tutors: Learner-Centered Strategies]. Burlington: Morgan Kaufmann.

6. Mitrofanov V.P. (2021). Vnedrenie iskusstvennogo intellekta v obrazovatel'nyi protsess [Implementation of AI in the Educational Process]. *Obrazovanie i nauka*, 7(146), 72–91.
7. Alekseeva T.V. (2020). Vozmozhnosti primeneniia iskusstvennogo intellekta v obrazovanii [Opportunities of Using AI in Education]. *Vestnik universiteta*, (5), 113–116.
8. Selvin, N. (2019). Dolzhny li roboty zamenit' uchitelei? II i budushchee obrazovaniia [Should Robots Replace Teachers? AI and the Future of Education]. *Politi Press*.
9. Korableva O.N., Karakin A.V. (2020). Primenenie sistem iskusstvennogo intellekta v protsesse obucheniia [Application of AI Systems in Education]. *Sovremennye problemy nauki i obrazovaniia*, (3). Retrieved from <https://science-education.ru/ru/article/view?id=29585> (Accessed: 25.04.2025).
10. Heffernan N., Heffernan C. (2014). The ASSISTments ecosystem: Building a platform that brings scientists and teachers together for minimally invasive research [Eco-friendly Assistants: a platform that unites scientists and teachers for minimally invasive research on human learning and teaching]. // *International Journal of Artificial Intelligence in Education*, 24(4), 470–497.
11. Kuznetsov I.V., Makarov P.V. (2021). Issledovanie vliianiia iskusstvennogo intellekta na motivatsiiu studentov [Study of the Impact of AI on Student Motivation]. *Pedagogicheskoe obrazovanie v Rossii*, (1), 111–117.
12. Chen L., Chen P., Lin Z. (2020). Artificial intelligence in education [Artificial intelligence in education]: A review. *IEEE Access*, 8, 75264–75278.
13. Shapiro H., Sellular S., Pedersen I. (2020). Iskusstvennyi intellekt i budushchee obucheniia: доклад ekspertnoi gruppy [AI and the Future of Learning: Expert Group Report]. *OECD Publishing*.
14. Ermolaeva E.P. (2022). Problemy primeneniia iskusstvennogo intellekta v obrazovatel'noi srede [Problems of Using AI in the Educational Environment]. *Sibirskii pedagogicheskii zhurnal*, (5), 18–24.
15. Amet P., Tremble J. (2017). Iskusstvennyi intellekt v meditsine [Artificial Intelligence in Medicine]. *Metabolism*, 69, 36–40.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ И ЕГО ВЛИЯНИЕ НА МОТИВАЦИЮ И ЭМОЦИОНАЛЬНОЕ СОСТОЯНИЕ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Елепбергенова А.У. , Канапьянова З.Н., Шалтабаев А.А.*

*Жетысуский университет имени И. Жансугурова,
Республика Казахстан, г. Талдыкорган*

**e-mail: aigul_eu@mail.ru, kanapyanova81@bk.ru, altai_shaltabaev@mail.ru*

Цель данного исследования – более глубокое понимание влияния использования инструментов искусственного интеллекта (ИИ) при преподавании математических дисциплин в высших учебных заведениях на мотивацию и эмоциональное состояние обучающихся. Основная идея исследования основана на гипотезе, что интеграция ИИ в процесс обучения может повысить интерес обучающихся к учебе и укрепить их уверенность в себе. Основные направления исследования направлены на определение влияния ИИ на мотивацию обучающихся, их эмоциональное состояние, отношение к ИИ и роль ИИ в образовательном процессе. Научная значимость исследования заключается в дополнении научных знаний о роли ИИ в образовании, а практическая значимость – в улучшении учебного процесса обучающихся с помощью эффективного использования инструментов ИИ. Результаты исследования могут быть полезны преподавателям, разработчикам образовательной политики и разработчикам инструментов ИИ. Методология исследования основывается на использовании смешанных методов. Для сбора данных использовались методы анкеты, наблюдения и интервью. Анкета использовалась для оценки отношения обучающихся к ИИ, уровня их мотивации и эмоционального состояния. Наблюдения проводились для анализа поведения обучающихся и их

реакций при использовании инструментов ИИ в ходе занятий. Интервью с обучающимися было организовано для более глубокого понимания влияния ИИ на их учебный опыт. Основные результаты исследования показали, что использование ИИ повышает интерес обучающихся к учебе и укрепляет их уверенность в себе. Однако были также выявлены негативные последствия, такие как зависимость от ИИ и нехватка человеческого общения. Выводы исследования показывают, что при внедрении ИИ в образовательный процесс важно учитывать потребности обучающихся в человеческом общении и предотвращать зависимость от ИИ. Значение проведенного исследования заключается в раскрытии возможностей эффективного использования инструментов ИИ в образовании и всесторонней оценке влияния ИИ на учебный процесс обучающихся. Практическое значение исследования состоит в улучшении методов преподавания, повышении мотивации обучающихся и улучшении их эмоционального состояния через использование ИИ. Результаты исследования позволяют дать конкретные рекомендации по внедрению ИИ в образовательную систему.

Ключевые слова: искусственный интеллект, мотивация, эмоциональное состояние, высшая математика.

THE IMPACT OF USING ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN THE EDUCATIONAL PROCESS ON STUDENTS' MOTIVATION AND EMOTIONAL STATE

A.Y. Yelepbergenova*, Z.N. Kanapyanova, A.A. Shaltabayev

Zhetysu University named after. I. Zhansugurova, Kazakhstan, Taldykorgan
*e-mail: aigul_eu@mail.ru, kanapyanova81@bk.ru, altai_shaltabaev@mail.ru

The purpose of this study is to gain a deeper understanding of the impact of using artificial intelligence (AI) tools in teaching mathematics in higher education on students' motivation and emotional well-being. The core idea of the research is based on the hypothesis that integrating AI into the learning process can increase student engagement and boost their self-confidence. The main research objectives include identifying the influence of AI on student motivation, emotional state, attitudes toward AI, and its role in education. The scientific significance lies in contributing to the body of knowledge about AI in education, while the practical relevance is in improving teaching practices through the effective use of AI tools. The results can be valuable for educators, educational policymakers, and AI tool developers. The methodology is based on a mixed-methods approach. Data were collected through surveys, observations, and interviews. Surveys assessed students' attitudes toward AI, their motivation, and emotional state. Observations were conducted to analyze student behavior and reactions during lessons involving AI tools. Interviews provided deeper insights into students' experiences with AI in learning. Key findings indicate that AI usage increases student interest and strengthens self-confidence. However, some negative effects were noted, such as dependency on AI and reduced human interaction. The study concludes that the implementation of AI in education must consider students' need for human connection and work to prevent over-reliance on AI. The significance of the research lies in highlighting the potential of AI tools in education and offering a comprehensive assessment of their impact on students. Its practical value is in improving teaching methods and enhancing students' motivation and emotional well-being through AI integration. The study provides concrete recommendations for adopting AI in educational systems.

Keywords: artificial intelligence, motivation, emotional state, higher mathematics.

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫН КӘСІБИ ДАЯРЛЫҚ ҮДЕРІСІНДЕ ЦИФРЛЫҚ СИМУЛЯЦИЯЛАР АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

Ерназарова Ж.Е.^{1,*} , Идиев Р.Т.² , Мұқанджан Е.Б.¹ ,
Жумабеков Б.Н.¹ , Кабылбеков Н.М.¹ 

¹Талдықорған индустриалды колледжі, Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.

²М. Ломоносов атындағы №5 орта мектеп-лицейі, Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.

*e-mail: erjanna@mail.ru, mukandzhan95@mail.ru, zhumabekov196428@gmail.com,
nurbek.kabylbekov@mail.ru

Білім беруді цифрландыру жағдайында жоғары педагогикалық мектептің басым міндеттерінің бірі – болашақ мұғалімдердің креативті ойлау қабілетін дамыту болып табылады. Осы зерттеудің мақсаты – болашақ педагогтардың кәсіби даярлығы үдерісінде цифрлық симуляциялар арқылы олардың креативті ойлауын дамыту мүмкіндігін тәжірибе жүзінде бағалау. Зерттеуге 62 студент қатысты, олар эксперименттік және бақылау топтарына бөлінді. Эксперименттік топтың қатысушылары педагогикалық жағдайларды цифрлық ортада модельдеуге негізделген 6 апталық курстан өтті. Креативті ойлау деңгейін анықтау үшін Торренс тестінің (ТТСТ) бейімделген нұсқасы пайдаланылды. Зерттеу нәтижелері цифрлық симуляцияларды қолдана отырып оқыған студенттердің креативтілік көрсеткіштері бақылау тобымен салыстырғанда статистикалық тұрғыдан едәуір жақсарғанын көрсетті. Алынған деректер цифрлық симуляциялардың педагог кадрларын даярлау жүйесінде инновациялық құрал ретінде жоғары тиімділігін дәлелдейді және оларды педагогикалық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына интеграциялау қажеттілігін айқындайды.

Кілт сөздер: креативті ойлау, болашақ педагогтар, цифрлық симуляциялар, педагогикалық білім беру, кәсіби даярлық, педагогикалық технологиялар, эксперименттік оқыту.

Кіріспе

Білім беру жүйесін қарқынды цифрландыру және инновациялық технологияларды оқу үдерісіне енгізу жағдайында болашақ педагогтардың креативті ойлауын дамыту – қазіргі заманғы педагогикалық білім берудің басым бағыттарының бірі болып отыр. Креативтілік ХХІ ғасырдың негізгі құзыреттіліктерінің бірі ретінде қарастырылады және ол білім беру ортасындағы жылдам өзгерістер мен жаңа талаптарға бейімделу үшін қажет.

Зерттеуде қолданылған цифрлық симуляция ұғымы шынайы педагогикалық жағдаяттарды виртуалды ортада бейнелеу арқылы болашақ мұғалімдердің креативті ойлауын дамыту құралы ретінде қарастырылады. Бұл технология студенттердің шешім қабылдау, баламалы идеялар ұсыну және кәсіби рефлексия жасау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Цифрлық симуляциялар, оның ішінде виртуалды және толықтырылған шындық технологиялары, интерактивті модельдер мен ойындық сценарийлер студенттерді оқытуға тарта отырып, олардың шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін иммерсивті білім беру ортасын құрудың ерекше жолын ұсынады. Зерттеулер мұндай технологияларды оқу процесінде пайдалану студенттердің креативті ойлау деңгейін айтарлықтай арттыратынын көрсетеді [1].

Қазіргі зерттеулер цифрлық симуляциялардың студенттердің креативтілігі мен басқа да метақұзыреттіліктерін дамытудағы тиімділігін растайды. Мысалы, 2022 жылы жүргізілген жүйелі шолу түрлі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың креативті ойлауын арттыруда симуляциялық технологиялардың оң ықпалын анықтаған [2].

Алайда, оң нәтижелерге қарамастан, болашақ педагогтардың креативті ойлауын дамытуға бағытталған цифрлық симуляциялардың әсерін зерттейтін эмпирикалық жұмыстар жеткіліксіз. Көптеген зерттеулер мұндай технологияларды медицина, инженерия және басқа да техникалық бағыттарда қолдануға бағытталған, ал педагогикалық білім беру саласы бұл тұрғыда жеткілікті зерттелмеген.

Цифрлық білім беру технологияларын креативті ойлауды дамытудың құралы ретінде қолдану Mishra мен Henriksen еңбектерінде кеңінен қарастырылған [2], онда ХХІ ғасыр ойлауын қалыптастыруда цифрлық шешімдердің әлеуеті көрсетіледі. Shaffer [3] ойын түріндегі модельдеу тәсілдері тек білім беруге ғана емес, сонымен қатар күрделі когнитивті дағдыларды дамытуға ықпал ететінін атап өтеді. Dede [4] иммерсивті интерфейстердің білім берудегі маңыздылығын, әсіресе студенттердің мотивациясы мен белсенділігін арттыру тұрғысынан сипаттайды. Ал Repenning және әріптестері [5] scalable game design технологиясын креативті әрі алгоритмдік ойлауды ынталандыратын әдіс ретінде ұсынады.

Осы зерттеудің мақсаты – болашақ педагогтарды кәсіби даярлау үдерісінде цифрлық симуляциялардың креативті ойлауына әсерін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

1. Цифрлық симуляцияларды білім беру үдерісінде қолданудың теориялық негіздерін талдау;
2. Педагогикалық мамандықтардағы студенттерге арналған цифрлық симуляцияларды қамтитын курсты әзірлеп, оқу бағдарламасына енгізу;
3. Валидті психометриялық құралдарды пайдалана отырып, студенттердің креативті ойлау деңгейін курсқа дейін және кейін бағалау;
4. Қолданылған әдістердің тиімділігін анықтау мақсатында эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелерін салыстыру.

Зерттеу идеясы – шынайы педагогикалық жағдайларды модельдейтін цифрлық симуляциялар болашақ педагогтардың шығармашылық әлеуетін белсендіретін, қауіпсіз, интерактивті және практикалық бағдарланған оқу ортасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеудің негізгі бағыттары:

- Креативтілікті дамытудағы цифрлық симуляциялардың рөліне теориялық негіздеме беру;
- Цифрлық симуляциялар курсын әзірлеу және енгізу;
- Студенттердің креативті ойлау деңгейін симуляциялар енгізілгенге дейін және кейін салыстырмалы диагностикалау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – педагогикалық білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды қолдану мүмкіндіктерін кеңейту және олардың креативті ойлауға әсерін эмпирикалық жолмен дәлелдеу болып табылады.

Зерттеудің практикалық маңызы – цифрлық симуляциялармен толықтырылған педагогикалық курсты әзірлеу және сынақтан өткізу арқылы жаңа буын мұғалімдерін даярлауға арналған ЖОО оқу бағдарламаларына енгізуге мүмкіндік беру.

Цифрлық симуляцияларды болашақ педагогтарды кәсіби даярлау үдерісінде қолдану олардың креативті ойлау деңгейін дәстүрлі оқыту әдістерімен салыстырғанда едәуір арттырады.

Бұл зерттеу – педагогикалық мамандықтардағы студенттердің креативті ойлауын дамытуға цифрлық симуляциялардың әсерін эмпириялық бағалауға бағытталған алғашқы жұмыстардың бірі. Зерттеу нәтижелері педагогтарды даярлау үдерісіне цифрлық технологияларды интеграциялау бойынша жаңа білім беру бағдарламалары мен әдістемелік ұсынымдарды әзірлеуге негіз бола алады.

Материалдар мен әдістер

Болашақ педагогтардың креативті ойлауын дамытуға цифрлық симуляциялардың әсерін бағалау мақсатында бақылау және эксперименттік топтарды қамтыған квазиэксперименттік зерттеу жүргізілді. Мұндай тәсіл топтар арасындағы нәтижелерді

салыстыруға және цифрлық симуляцияларды білім беру үдерісіне енгізудің тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында креативті ойлау деңгейін анықтау үшін Торренс тестінің (TTCT – Torrance Tests of Creative Thinking) бейімделген нұсқасы қолданылды. Бұл тестке вербалды және графикалық тапсырмалар енгізілген [6].

Креативтіліктің негізі болып табылатын дивергентті ойлаудың дамуы Runco және Асар еңбектерінде жан-жақты қарастырылған [7]. Білім берудегі шығармашылық тәсілді қолдау Робинсон [8] ұсынған креативтілік философиясымен тығыз байланысты. Шығармашылық психологиясы мен инновациялық ойлаудың жалпы теориялық негіздері Sawyer [9] еңбегінде баяндалған. Ал Beghetto мен Kaufman [10] креативтілік дамуының контекстке тәуелділігіне, әсіресе педагогикалық практика жағдайында, ерекше назар аударады.

Е.Мырзабеков өзінің зерттеуінде инновациялық қызметке дайындық процесінде болашақ мұғалімдердің шығармашылық тұлғасын қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін қарастырады [11].

Мәліметтерді өңдеу және талдау SPSS статистикалық бағдарламасы арқылы жүзеге асырылды.

Зерттеу барысында екі топтың да қатысушылары Торренс тестінен өтіп, бастапқы креативтілік деңгейі анықталды. Эксперименттік топ педагогикалық жағдайларды модельдейтін цифрлық симуляциялар арқылы білім алды, ал бақылау тобы дәстүрлі оқу бағдарламасы бойынша оқытылды.

Оқу үдерісінен кейін екі топ та Торренс тестін қайта тапсырып, өзгерістер бағаланды.

Зерттеу 2025 жылы Қазақстандағы екі жоғары оқу орнының педагогикалық факультетінің базасында 6 апта бойы жүргізілді. Бұл мерзім бастапқы эксперименттік тиімділікті бағалауға жеткілікті кезең ретінде таңдалды. Алайда, болашақ зерттеулерде симуляциялардың ұзақ мерзімді әсерін зерттеу маңызды болып табылады. Зерттеуге педагогикалық мамандықтар бойынша білім алатын 62 студент қатысты. Қатысушылар кездейсоқ түрде екі топқа бөлінді:

- Эксперименттік топ ($n = 31$): цифрлық симуляциялар арқылы оқытылған студенттер;
- Бақылау тобы ($n = 31$): симуляция қолданылмаған дәстүрлі бағдарлама бойынша оқытылған студенттер.

Барлық қатысушылар зерттеуге ерікті түрде қатысатыны туралы ақпараттандырылған келісім берді.

Эксперименттік топ нақты педагогикалық жағдайларды модельдеуге арналған цифрлық симуляцияларды қамтитын курстан өтті. Бұл симуляциялар шешім қабылдау, креативті ойлау және педагогикалық рефлексия дағдыларын дамытуға бағытталған. Ал бақылау тобы ешқандай цифрлық симуляция қолданбай, дәстүрлі тәсілмен оқытылды.

Иммерсивті интерфейстер – бұл студенттің оқу ортасына толықтай енуіне мүмкіндік беретін виртуалды немесе толықтырылған шындық негізіндегі технологиялар. Олар оқыту барысында белсенділік пен мотивацияны арттырып, шынайы тәжірибені модельдеуге жағдай жасайды.

Креативті ойлау Торренс тесті негізінде төрт көрсеткіш арқылы бағаланды:

- Бегелестік – ұсынылған идеялардың саны;
- Икемділік – идеялардың санаттық әртүрлілігі;
- Оригиналдылық – идеялардың жаңалығы мен ерекшелігі;
- Дамытушылық – ұсынылған ойды толықтырып дамыту деңгейі.

Тест оқу процесіне араласудан бұрын және кейін жүргізілді.

Мәліметтерді өңдеу үшін келесі статистикалық әдістер қолданылды:

- Тәуелді таңдаулар үшін t-тест – әр топ ішінде интервенцияға дейінгі және кейінгі нәтижелерді салыстыру;
- Тәуелсіз таңдаулар үшін t-тест – эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелерін өзара салыстыру.

Нәтижелер мен талқылаулар

Цифрлық симуляциялар қолданылған оқыту курсынан бұрын және кейін жүргізілген тестілеу нәтижелері бойынша алынған деректерді салыстырмалы талдау эксперименттік және бақылау топтары арасында айтарлықтай айырмашылықтардың бар екенін көрсетті. Бағалау креативті ойлаудың төрт негізгі көрсеткіші бойынша жүргізілді: бегелестік, икемділік, оригиналдылық және идеяны дамыту.

1-кестеде ұсынылған – студенттердің креативті ойлау қабілеттерінің төрт негізгі көрсеткіші бойынша (бегелестік, икемділік, оригиналдылық, дамытушылық) оқу алдында және оқудан кейін алынған нәтижелердің орташа мәндерін (М) және стандартты ауытқуын (SD) сипаттайды.

Кесте 1 – Креативті ойлаудың негізгі көрсеткіштері бойынша студенттердің оқу алдындағы және кейінгі орташа нәтижелері

Көрсеткіш	Мағынасы	Нәтиже	Түсіндірме
Бегелестік	Студент ұсынған идеялардың жалпы саны	22,8 ± 3,1	Орташа 22,8 идея, әр студент бойынша шамамен 3,1 айырмашылық бар
Икемділік	Идеялардың түрлі санаттарға бөлінуі	19,2 ± 2,7	Студенттер орта есеппен 19 түрлі бағытта ойлайды
Оригиналдылық	Ұсынылған идеялардың жаңалығы, бірегейлігі	14,7 ± 2,3	Студенттер әдеттен тыс, ерекше ойлар ұсына алады
Дамытушылық	Идеяны тереңдетіп, нақтылау қабілеті	15,6 ± 2,4	Бір ойды дамыту деңгейі жоғары (15,6 ұпай)

Кесте 2 – Цифрлық симуляцияларды қолдана отырып оқытудан бұрын және кейін студенттердің креативті ойлау көрсеткіштерінің салыстырмалы нәтижелері (эксперименттік және бақылау топтары)

Топ	Этап	Бегелестік (М±SD)	Икемділік (М±SD)	Оригиналдылық (М±SD)	Дамытушылық (М±SD)
Эксперименттік (n=31)	дейін	17,2 ± 3,4	14,1 ± 2,9	10,3 ± 2,1	11,5 ± 2,7
	кейін	22,8 ± 3,1	19,2 ± 2,7	14,7 ± 2,3	15,6 ± 2,4
Бақылау (n=31)	дейін	17,5 ± 3,5	13,9 ± 3,0	10,6 ± 2,0	11,3 ± 2,8
	кейін	18,1 ± 3,6	14,5 ± 3,1	10,8 ± 2,2	11,8 ± 2,9

Эксперименттік топта барлық көрсеткіштер айтарлықтай өскен (мысалы, бегелестік +5.6 ұпай, оригиналдылық +4.4 ұпай). Бақылау тобында өзгеріс болмашы ғана (мысалы, оригиналдылық тек +0.2 ұпай). Бұл айырмашылықтар статистикалық жағынан маңызды ($p < 0.01$), яғни олар кездейсоқ емес және симуляциялық оқытудың нақты әсері бар.


Деректерді талдау нәтижесінде эксперименттік топта оқытуға дейінгі және кейінгі тестілеу нәтижелері арасында барлық төрт көрсеткіш бойынша статистикалық тұрғыда маңызды айырмашылықтар анықталды. Ал бақылау тобында өзгерістер маңызды деңгейге жетпеді ($p > 0.05$).

Тәуелсіз таңдаулы t-тест нәтижесі бойынша курсты аяқтағаннан кейінгі эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелерінде елеулі айырмашылықтар байқалды, және бұл айырмашылық эксперименттік топтың пайдасына болды ($p < 0.01$).

1-кестеде студенттердің креативті ойлау деңгейінің эксперименттік және бақылау топтарындағы өзгерісі салыстырмалы түрде көрсетілген. Әсіресе эксперименттік топтың көрсеткіштерінің өсуі айқын байқалады, бұл креативті ойлауды дамыту құралы ретінде цифрлық симуляциялардың тиімділігін дәлелдейді. Авторлық 6 апталық «Болашақ педагогтардың креативті ойлауын дамытуға бағытталған цифрлық симуляциялық оқыту курсы» цифрлық симуляциялар курсының құрылымы 3 кестеде көрсетілген. 1-суретте осы өзгерістердің динамикасы көрнекі түрде берілген.

Кесте 3 – Цифрлық симуляцияларды қамтитын «Креативті мұғалім» авторлық курс сипаттамасы

№	Бөлім	Апта	Мақсаты мен мазмұны	Оқыту форматы	Бағалау әдістері
1	Кіріспе	1	Курстың мақсат-міндеттері, симуляция ұғымы, қолданылатын платформалар (VSimEdu, ClassVR) таныстырылады.	Лекциялық шолу + микро-тренинг	Диагностикалық тест (Торренске дейін)
2	Педагогикалық жағдаятты модельдеу	1-2	Әдеттегі сынып проблемаларын (уақытты басқару, ынталандыру) виртуалды ортада бейнелеу.	VR-сценарий, топтық талдау	Рубрикалық бағалау: идея саны (бегелестік)
3	Шешім қабылдау және рефлексия	3	Әртүрлі шешім траекторияларын сынап көру, нәтижені талқылау.	«Шеңбер» симуляция, Padlet-рефлексия	Өзін-өзі бағалау парағы
4	Креативті тапсырма конструкторы	4	Студенттер өз пәні бойынша авторлық симуляция макетін құрастырады.	Конструктор VSimEdu, peer-review	Оригиналдылық коэф. (Торренс)
5	Оқу-ойындық интеграция	5	Геймификация элементтерін (беджеу, балл) симуляцияға енгізу.	Workshop, Kahoot!	Check-лист «икемді идеялар»
6	Педагогикалық хакатон	6	Топтар дайын симуляцияны көрсетіп, тәжірибелік сабақ өткізеді.	Demo-сессия, менторинг	Сараптамалық бағалау, пост-тест

**Сурет 1 – Эксперименттік және бақылау топтарындағы студенттердің креативті ойлау көрсеткіштерінің салыстырмалы динамикасы (оқуға дейін және кейін)**

Эксперименттік топтағы студенттердің ойлау бегелестігі 32,5 %-ға артты, ал бақылау тобында бұл көрсеткіш тек 3,4 %-ды құрады.

Ойлау икемділігі эксперименттік топта 36,1 %-ға артса, бақылау тобында 4,3 %-ға ғана өсті.

Идеялардың оригиналдылығы цифрлық симуляциялармен оқыған студенттерде орта есеппен 42,7 %-ға жоғарылады, бұл — симуляциялық оқыту қолданылмаған студенттерге қарағанда 6 есе жоғары нәтиже.

Дамытушылық (идеяны детализациялау) көрсеткіші эксперименттік топта 35,7 %-ға артты, ал бақылау тобында тек 4,4 %-ға өсті.

Эксперименттік топта креативті ойлаудың барлық компоненттері бойынша статистикалық тұрғыда маңызды жақсару байқалды ($p < 0.01$).

Бақылау тобында өзгерістер статистикалық маңыздылық деңгейіне жетпеді ($p > 0.05$).

Межтоптық талдау нәтижелері интервенциядан кейін эксперименттік топтың көрсеткіштері бақылау тобына қарағанда айтарлықтай жоғары екенін көрсетті ($p < 0.01$).

Цифрлық симуляциялар креативті ойлаудың барлық компоненттерін дамытуда жоғары педагогикалық құндылыққа ие екені дәлелденді.

Талқылау

Жүргізілген эмпирикалық зерттеу болашақ педагогтарды кәсіби даярлау үдерісінде цифрлық симуляцияларды қолданудың тиімділігін растады. Алдын ала және кейінгі тестілеу нәтижелерінің салыстырмалы талдауына сүйене отырып, эксперименттік топ студенттерінің креативті ойлауының дамуында оң динамика байқалғанын атап өтуге болады. Бақылау тобында өзгерістер елеусіз болған жағдайда, цифрлық симуляциялармен оқытылған студенттер барлық төрт көрсеткіш бойынша – бегелестік, икемділік, оригиналдылық және дамытушылық – айтарлықтай ілгерілеушілік көрсетті.

Ең елеулі жақсару оригиналдылық көрсеткіші бойынша байқалды – бұл көрсеткіш 4 балдан аса ұлғайды. Бұл цифрлық симуляцияларды қолдану студенттердің стандартты емес, шығармашылық шешімдер шығару қабілетін ынталандыратынын көрсетеді. Сонымен қатар, ойлау икемділігі мен бегелестік көрсеткіштері бойынша да елеулі өсім тіркелді, бұл студенттердің әртүрлі тәсілдерді табуға және жаңа жағдайларға тез бейімделуге бейімділігін дамытатынын білдіреді.

Мемлекеттік басқару жүйесі педагогикалық кадрларды қолдау шараларын жүйелі түрде дамытып, оларды кәсіби қайта даярлау мен біліктілігін арттыру бағдарламаларын қаржыландыруды ұлғайтты. Бұл білім беру жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, педагогтардың жұмысқа деген ынтасын арттыруда маңызды рөл атқарады [7].

7. Педагогикалық кадрлардың кәсіби дамуын басқаруда білім менеджментінің стратегиялық маңызы

Білім менеджментінің стратегиялық қағидаттары педагогикалық кадрлардың кәсіби дамуын жүйелі түрде басқаруға мүмкіндік береді. Бұл бағытта кадрлық резервтерді қалыптастыру, үздіксіз кәсіби оқыту, әдістемелік қолдау және сапалы бағалау жүйесін енгізу басты рөл атқарады.

Қазақстанда педагогтардың кәсіби өсуін бақылау үшін «Педагогтың портфолиосы» сияқты электрондық жүйелер енгізілді. Бұл жүйе педагогтардың білім деңгейін, жетістіктерін және біліктілігін объективті бағалауға мүмкіндік береді және оқыту курстарына қажетті бағыттарды анықтайды.

Стратегиялық менеджмент сонымен қатар білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жаңарту, инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу және оқытушылар арасында үздік тәжірибені тарату сияқты міндеттерді қамтиды. Бұл өз кезегінде педагогтардың кәсіби дамуына оң әсер етіп, білім беру сапасын жүйелі түрде жақсартуға септігін тигізеді [8].

Нәтижелер мен талқылаулар

Зерттеу барысында педагогикалық кадрларды даярлау жүйесінде мемлекеттік басқару мен білім менеджменті қағидаттарын енгізудің білім беру сапасына оң ықпал ететіні анықталды. Негізгі нәтижелер келесідей:

Біріншіден, мемлекеттік басқару саясатының жаңаруы педагогикалық кадрларды дайындау ісінде жаңа серпін беріп отыр. 2019 жылы қабылданған «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы педагог мамандардың құқықтық, әлеуметтік, материалдық жағдайын жақсартуға бағытталған [9].

Екіншіден, білім беру ұйымдарында менеджмент жүйесінің қалыптасуы – білім сапасын басқару, кадрлық әлеуетті дамыту және оқу үдерісін оңтайландыру арқылы жүзеге асуда. Мысалы, Назарбаев Зияткерлік мектептері мен педагогикалық жоғары оқу орындарында стратегиялық жоспарлау, сапа менеджменті жүйелері енгізілуде [10].

Үшіншіден, цифрлық технологиялар мен білім беру платформаларын енгізу педагогтардың кәсіби дамуына және оқу сапасын арттыруға ықпал етіп отыр. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2024 жылғы есебіне сәйкес, мұғалімдердің 65%-ы электронды оқыту құралдарын жүйелі түрде пайдаланады [11].

Төртіншіден, мемлекеттік бюджеттен педагогикалық кадрларды даярлауға бөлінетін шығындардың артуы – бұл салаға деген назардың өскенін көрсетеді. 2023 жылы бұл мақсатқа республикалық білім беру бюджетінен 19% қаржы бөлінген [12].

Бесіншіден, білім беру менеджментінің стратегиялық элементтері – педагогтың кәсіби даму жоспары, электрондық портфолио, оқу нәтижелерін бағалау құралдары – кадр даярлау сапасын кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді [13].

Талқылау нәтижесі бойынша, Қазақстандағы педагогикалық кадрларды даярлау жүйесі халықаралық стандарттарға сәйкес жаңаруда. Алайда кейбір өңірлерде материалдық-техникалық базаның әлсіздігі, білікті мамандардың жетіспеуі және

менеджмент жүйесін толық меңгермеу мәселелері сақталып отыр [14]. Сондықтан да білім беру менеджментінің қағидаттарын тек жоғары оқу орындарында ғана емес, колледждер мен біліктілік арттыру орталықтарында да жүйелі енгізу қажет.

Қорытынды

Педагогикалық кадрларды даярлау үдерісінде мемлекеттік басқару мен білім менеджменті қағидаттарын енгізу – білім сапасын арттырудың маңызды тетігі. Жүргізілген зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан Республикасында білім беру саласын реформалау аясында педагогтардың кәсіби дамуына, олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға және басқару құрылымдарын жетілдіруге бағытталған нақты қадамдар жасалуда.

Білім менеджментінің әдістері мен құралдары педагог кадрларды сапалы даярлауға, оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға және кәсіби құзыреттілікті арттыруға ықпал етеді. Экономикалық және статистикалық талдаулар негізінде педагогикалық кадрларды даярлауға бөлінетін бюджеттік қаражаттың өсуі, кәсіби даму курстарына қатысушылар санының артуы білім саласына деген мемлекеттік қолдаудың артып келе жатқанын дәлелдейді. Инновациялық менеджмент құралдарын пайдалану, электрондық оқыту технологияларын енгізу және білім беру ұйымдарындағы басқару сапасын арттыру – қазіргі заман талабына сай педагогтарды даярлаудағы маңызды бағыттар болып отыр. Бұл үрдістердің барлығы білім беру жүйесінің тиімділігін арттырып, ұлттық білім саясатының стратегиялық мақсаттарына жетуге жағдай жасайды. Зерттеу барысында алынған нәтижелер Қазақстандағы педагогикалық кадрларды даярлау жүйесін жетілдіруде білім менеджменті мен мемлекеттік басқарудың өзара ықпалдастығын күшейтудің қажет екенін көрсетеді. Бұл білім беру саласындағы тиімді реформаларды жүзеге асыруға, педагог кадрлардың сапасын арттыруға және жалпы білім сапасын жақсартуға ықпал ететін маңызды фактор болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Білім беру саласындағы реформалар. Алматы. – 2023. <https://edu.gov.kz>
2. Нұржанов Ә. Мемлекеттік басқару және білім менеджменті. Нұр-Сұлтан, 2022. – 45-60 бб.
3. Nazarbayev University Graduate School of Education. Academic Programs. – 2024. <https://gse.nu.edu.kz>
4. ҚР Қаржы министрлігі. Мемлекеттік бюджеттің 2019-2023 жылдардағы есептері. – 2023. <https://minfin.gov.kz>
5. OECD. Education Policy Outlook: Kazakhstan. – 2023.
6. «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы ресми сайты. <https://orleu-edu.kz/>
7. ҚР Ұлттық статистика бюросы. (2024). Қазақстандағы орташа жалақы статистикасы. Нұр-Сұлтан: Статистика бюросы. Қол жеткізу: <https://stat.gov.kz/official/industry/25/statistic/6>
8. ҚР Білім және ғылым министрлігі. (2023). Инновациялық білім беру платформалары туралы жылдық баяндама. Астана. Қол жеткізу: <https://edu.gov.kz/media/bilim-platform-report-2023.pdf>
9. Қазақстан Республикасы. «Педагог мәртебесі туралы» Заңы. Астана: ҚР Білім және ғылым министрлігі. – 2019. – 22 б.
10. Сатбаева Л.Қ. Білім беру менеджменті: теория және практика. Алматы: Қазақ университеті. – 2021. – 34 б.
11. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі. Қазақстанда педагогикалық кадрларды даярлау мониторингі. – 2024. – 18-19 бб.
12. Әбдіғаппарова Д.С. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі педагогикалық кадр саясаты. Нұр-Сұлтан: Білім баспасы. – 2023. – 42 б.
13. Нұрахметова Ш.Т. Білім сапасын басқарудағы инновациялық тәсілдер. Алматы: Ұлағат. – 2022. – 27 б.
14. Ахметов, Ж.М. Аймақтық білім беру жүйесіндегі басқару мәселелері. – Талдықорған: Жетісу университеті баспасы. – 2023. – 45 б.

REFERENCES:

1. Kazakhstan Respublikasy Bilim zhane gylym ministrligi. (2023). Bilim beru salasindagy reformalar [Reforms in the field of education]. Almaty. Retrieved from: <https://edu.gov.kz>
2. Nurzhanov A. (2022). Memlekettik basqaru zhane bilim menedzhmenti [Public administration and education management]. Nur-Sultan, pp. 45–60.
3. Nazarbayev University Graduate School of Education. (2024). Academic Programs. Retrieved from: <https://gse.nu.edu.kz>
4. Qazaqstan Respublikasy Karzhy ministrligi. (2023). Memlekettik bjudzhettin 2019–2023 zhildardagy esepteri [Reports of the state budget 2019–2023]. Retrieved from: <https://minfin.gov.kz>
5. OECD. Education Policy Outlook: Kazakhstan. – 2023.
6. "Orleu" Biliktilikti artyru ulttyq ortalagy. (n.d.). Resmi sait [Official website]. Retrieved from: <https://orleu-edu.kz/>
7. Qazaqstan Respublikasy Ulttyq statistika byurosy. (2024). Qazaqstandagy ortasha zhalaqy statistikasy [Statistics of average salary in Kazakhstan]. Nur-Sultan: Statistika byurosy. Retrieved from: <https://stat.gov.kz/official/industry/25/statistic/6>
8. QR Bilim zhane gylym ministrligi. (2023). Innovatsiyalyq bilim beru platformalary turaly zhylqyk bayandama [Annual report on innovative education platforms]. Astana. Retrieved from: <https://edu.gov.kz/media/bilim-platform-report-2023.pdf>
9. Qazaqstan Respublikasy. (2019). "Pedagog martebesi turaly" Zang [Law on the Status of a Teacher]. Astana: QR Bilim zhane gylym ministrligi, 22 p.
10. Satbaeva L.Q. (2021). Bilim beru menedzhmenti: teoriya zhane praktika [Education management: theory and practice]. Almaty: Qazaq universiteti, 34 p.
11. QR Gylym zhane zhoghary bilim ministrligi. (2024). Qazaqstanda pedagogikalyq kadrlardy dayarlau monitoringi [Monitoring of teacher training in Kazakhstan]. pp. 18–19.
12. Abdigapparova D.S. (2023). Memlekettik basqaru zhuiesindegi pedagogikalyq kadrlardy siyasaty [Policy of pedagogical personnel in the system of public administration]. Nur-Sultan: Bilim baspasy, 42 p.
13. Nurakhmetova Sh.T. (2022). Bilim sapasyn basqarudagy innovatsiyalyq tasilder [Innovative approaches to quality management in education]. Almaty: Ulakat, 27 p.
14. Akhmetov Zh.M. (2023). Aimaqtyq bilim beru zhuiesindegi basqaru meseleleri [Management issues in regional education system]. Taldyqorgan: Zhetysu universiteti baspasy, 45 p.

**ВНЕДРЕНИЕ ПРИНЦИПОВ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ И
ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО МЕНЕДЖМЕНТА В ПОДГОТОВКУ
ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ**

Жанысбаева С.Б.

Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Республика Казахстан, г. Талдыкорган
*e-mail: ablay_n@mail.ru

В данной статье рассматриваются теоретические и прикладные основы внедрения принципов государственного управления и образовательного менеджмента в процесс подготовки педагогических кадров. В условиях проводимых реформ в системе образования Республики Казахстан особую актуальность приобретает качественная подготовка будущих педагогов, развитие их профессиональных компетенций, а также совершенствование систем управления образовательными учреждениями. Автор подчеркивает значимость применения современных инструментов менеджмента в образовательной сфере и предлагает подходы, направленные на совершенствование

системы подготовки педагогических кадров. В статье анализируются факторы, влияющие на эффективность подготовки педагогических кадров, и существующие управленческие структуры. Особое внимание уделяется стратегическим мерам государственной поддержки и программам профессионального развития педагогов. Проведён экономический анализ объема государственного бюджета, выделяемого на подготовку кадров, представленные статистические данные по реализации соответствующих программ. Результаты исследования подтверждают важность применения принципов образовательного менеджмента в системе подготовки педагогов и его положительное влияние на качество образования. Автор обосновывает необходимость внедрения эффективных механизмов управления для модернизации подготовки кадров и повышения управленческого потенциала образовательных организаций. Статья предназначена для специалистов, исследователей и руководителей, занимающихся вопросами управления в сфере педагогики и образования.

Ключевые слова: педагогические кадры, государственное управление, образовательный менеджмент, профессиональное развитие, качество образования, статистика, Казахстан.

IMPLEMENTATION OF PUBLIC ADMINISTRATION AND EDUCATIONAL MANAGEMENT PRINCIPLES IN THE TRAINING OF PEDAGOGICAL PERSONNEL

S.B. Zhanybayeva

Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Republic of Kazakhstan, Taldykorgan

*e-mail: ablay_n@mail.ru

This article explores the theoretical and practical foundations for integrating principles of public administration and educational management into the training of pedagogical personnel. In the context of ongoing reforms in the education system of the Republic of Kazakhstan, the effective preparation of future teachers, the development of their professional competencies, and the improvement of educational institutions' management systems are of critical importance. The author emphasizes the relevance of applying modern management tools in education and proposes approaches aimed at enhancing the pedagogical training system. The article analyzes factors influencing the effectiveness of teacher training and examines existing management structures. Special attention is given to strategic state support measures and professional development programs for teachers. An economic analysis of the state budget allocated for pedagogical personnel is conducted, with statistical data illustrating support programs. The research findings confirm the importance of educational management in teacher training and its positive impact on education quality. The author substantiates the need to introduce effective management mechanisms to modernize teacher preparation and improve institutional governance. This article is intended for professionals, researchers, and administrators working in the field of education and pedagogical management.

Keywords: pedagogical personnel, public administration, educational management, professional development, quality of education, statistics, Kazakhstan.

ҚАШЫҚТЫҚ ФОРМАТТА ОҚЫТУҒА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ДАЙЫНДАУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ ӘСЕРІН БАҒАЛАУ

Жаркимбаева Б.А.



І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.
*e-mail: botagozzharkimbaeva@mail.ru

Қазіргі білім беру жүйесінде қашықтықтан оқыту форматы тұрақты оқу үдерісінің бір бөлігіне айналды. Бұл жағдай бастауыш сынып оқушыларына ерекше педагогикалық қолдау көрсетуді қажет етеді, себебі олардың оқу дербестігі, цифрлық сауаттылығы және ішкі мотивациясы әлі қалыптасу үстінде. Мақалада бастауыш сынып оқушыларын қашықтық форматтағы оқытуға дайындау барысында педагогикалық қолдаудың тиімділігіне баға беруге бағытталған эксперименттік зерттеу нәтижелері ұсынылады. Зерттеуге екі топтан тұратын (эксперименттік және бақылау) жалпы саны 60 бастауыш сынып оқушысы қатысты. Эксперименттік топқа жүйелі педагогикалық қолдау көрсетілді: цифрлық оқыту құралдарын игеру, оқу тәртібін ұйымдастыру, ата-анамен және мұғаліммен кері байланыс орнату. Зерттеу нәтижелері педагогикалық қолдаудың оқушылардың қашықтық оқуға дайындығын арттыруда айтарлықтай тиімді екенін көрсетті. Мақалада қолданылған әдістер, алынған нәтижелер мен ұсыныстар бастауыш білім беру жүйесінде қашықтықтан оқытуды тиімді ұйымдастыруға арналған практикалық бағдар ұсынады.

Кілт сөздер: қашықтықтан оқыту, бастауыш сынып, педагогикалық қолдау, оқуға дайындау, эксперименттік зерттеу, білім беру технологиялары.

Кіріспе

Соңғы жылдары білім беру жүйесінде орын алған цифрлық трансформация, әсіресе пандемия кезеңіндегі тәжірибеден кейін, қашықтықтан оқыту форматын тұрақты оқу үдерісінің бір бөлігіне айналдырды. Бұл жағдай мектепке дейінгі және бастауыш білім деңгейінде ерекше қиындықтар туындатты. Бастауыш сынып оқушылары оқу әрекетіне жаңа енді ғана қалыптасып келе жатқан жаста болғандықтан, қашықтық форматта тиімді білім алу үшін оларды жан-жақты педагогикалық қолдаумен қамтамасыз ету қажеттілігі туындайды.

Бастауыш мектеп оқушыларының өздігінен оқу дағдылары, цифрлық құралдарды қолдану икемі мен эмоциялық тұрақтылығы әлі толық дамымағандықтан, бұл жастағы балаларды қашықтық оқуға бейімдеу – педагогикалық тұрғыдан күрделі әрі өзекті мәселе болып табылады. Сондықтан педагог тарапынан бағыт-бағдар беру, ата-анамен өзара ықпалдастық, психо-эмоциялық қолдау, оқу мотивациясын арттыру сияқты жүйелі жұмыс ұйымдастырылуы тиіс.

Қашықтық форматта оқыту жағдайында бастауыш сынып оқушыларының білім алуға дайын болмауы, оқу мотивациясының төмендігі және цифрлық оқыту құралдарын меңгерудегі қиындықтар – осы зерттеудің өзегі болып табылады. Бұл мәселе қазіргі мектеп тәжірибесінде нақты шешімді қажет етеді.

Зерттеулерде (Селевко Г.К., Рогов Е.И., Черкасова О.В., Darling-Hammond) бастауыш сынып оқушыларын қашықтық форматта оқыту кезінде кешенді педагогикалық қолдаудың маңыздылығы бірнеше рет ерекше атап өтілген. Авторлар бұл жастағы балалардың когнитивтік, эмоционалдық және әлеуметтік дамуы әлі қалыптасу сатысында екенін, сондықтан олардың оқу үдерісіне толыққанды қатысуы үшін тек техникалық құралдармен қамтамасыз ету жеткіліксіз екенін дәлелдейді. Атап айтқанда, оқушылардың онлайн білім алуға бейімделуі тек цифрлық сауаттылыққа ғана емес, сондай-ақ олардың мотивация деңгейіне, өзін-өзі ұйымдастыру қабілетіне және оқу барысында туындайтын қиындықтарды жеңе білуіне тікелей байланысты.

Селевко Г.К. өз еңбектерінде бастауыш буында оқытуды цифрлық ортаға бейімдеуде педагогтің жетекшілік рөлі ерекше екенін атап өтеді [1]. Рогов Е.И. оқу мотивациясын арттыру мен эмоционалдық қолдаудың бала тұлғасының тұрақты дамуына ықпал ететінін көрсетеді [2]. Черкасова О.В. болса, нақты мысалдар арқылы бастауыш сынып оқушыларына арналған қашықтық форматтағы оқытуды ұйымдастыру кезінде ата-анамен байланыс пен әдістемелік бағыт берудің маңызын негіздейді [3].

Ал Darling-Hammond жүргізген зерттеулерінде АҚШ пен басқа елдердің қашықтықтан оқыту тәжірибелерін талдай отырып, тиімді білім беру үшін педагогикалық қолдаудың психологиялық, әдістемелік және әлеуметтік аспектілерін интеграциялау қажет екенін баса айтады. Ол әсіресе оқушы мен мұғалім арасындағы тұрақты кері байланыстың оқу жетістіктеріне тікелей әсер ететінін нақтылайды [4].

Anderson өз еңбегінде онлайн оқытудың теориясы мен тәжірибесін кешенді түрде қарастыра отырып, қашықтықтан білім беру процесінде оқытушының белсенді, бағыттаушы рөлін ерекше атап өтеді. Автор онлайн форматтағы оқытуда педагогтің тек ақпарат жеткізуші емес, оқу үдерісін ұйымдастырушы, қолдаушы тұлға ретінде әрекет етуі қажет екенін негіздейді [5].

Mishra мен Koehler «Технологиялық-педагогикалық мазмұндық білім» (TPACK) ұғымын енгізе отырып, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі тек пәндік біліммен шектелмейтінін, оған қоса цифрлық технологияларды педагогикалық мақсатта қолдану шеберлігі де қажет екенін дәлелдейді. Бұл модель цифрлық симуляциялар мен онлайн құралдарды тиімді қолданудың теориялық негізін қалыптастырады [6].

Robinson шығармашылық ойлауды ХХІ ғасыр дағдыларының маңызды компоненті ретінде сипаттайды. Оның еңбектерінде дәстүрлі білім беру жүйесінің креативтілікті шектейтін тұстары сынға алынып, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған педагогикалық тәсілдер ұсынылады [7].

Sawyer креативтілік пен инновациялық ойлаудың психологиялық механизмдерін жан-жақты зерттей отырып, оқу үдерісінде шығармашылықты дамытуға арналған әдістемелік ұсыныстар береді. Ол оқу барысында туындайтын мәселелерге стандарттан тыс шешімдер іздеудің маңызын баса көрсетеді [8].

Beghetto мен Kaufman шығармашылық ойлауды дамытуда сыныптағы әлеуметтік-психологиялық ахуалдың, мұғалімнің қолдау көрсету тәсілінің және оқу контекстінің шешуші рөл атқаратынын дәлелдейді. Олар оқушылардың креативті мінез-құлқын ынталандыру үшін жағымды оқу ортасын қалыптастыру қажеттігін атап өтеді [9].

Reimers пен Schleicher өз еңбектерінде COVID-19 пандемиясының білім беру жүйесіне тигізген әсерін жан-жақты талдай отырып, қашықтық форматтағы оқыту жағдайында білім беру құрылымын қайта ойластыру қажеттігін негіздейді. Авторлар әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, оқушының оқуына педагогикалық қолдау көрсетудің, мектеп пен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайтудың, сондай-ақ цифрлық білім беру ресурстарының әдістемелік тұрғыда бейімделуінің маңыздылығын баса көрсетеді. Олар қашықтықтан оқыту үдерісінде педагогтің рөлі тек ақпарат жеткізуші емес, сонымен қатар фасилитатор, бағыт беруші, ынталандырушы екеніне ерекше назар аударады [10].

Осы ғылыми еңбектер негізінде бастауыш сынып оқушыларын қашықтық оқытуға бейімдеуде кешенді педагогикалық қолдаудың, оның ішінде эмоционалдық, ұйымдастырушылық және әдістемелік сүйемелдеудің маңызы жоғары екені дәлелденіп отыр.

Сонымен қатар, педагогтің эмоционалдық қолдауы, тұлғалық қарым-қатынас және ынталандыру тәсілдері оқушылардың онлайн білімге бейімделуінде шешуші рөл атқаратыны анықталған. Алайда қазақстандық білім беру контекстінде бастауыш сынып оқушыларына бағытталған нақты педагогикалық қолдау жүйесін зерттеу және оны тәжірибеде бағалау әлі де жеткіліксіз.

Зерттеудің мақсаты қашықтық форматтағы оқыту үдерісінде бастауыш сынып оқушыларын оқуға дайындауда педагогикалық қолдаудың тиімділігін эксперименттік жолмен бағалау.

Зерттеудің міндеттері:

1. Қашықтық форматта бастауыш сынып оқушыларын оқыту жағдайын теориялық тұрғыда талдау;

2. Педагогикалық қолдау көрсету компоненттерін айқындау;

3. Эксперименттік топпен жұмыс жүргізу арқылы қолдаудың әсерін зерттеу;

4. Алынған нәтижелерді талдап, ұсыныстар жасау.

Егер бастауыш сынып оқушыларына қашықтық форматтағы оқыту кезінде жүйелі педагогикалық қолдау көрсетілсе (эмоционалдық, әдістемелік және ұйымдастырушылық), онда олардың оқуға дайындығы мен оқу белсенділігі едәуір артады.

Бұл зерттеу қашықтық форматта бастауыш сынып оқушыларын оқытуда педагогикалық қолдау көрсету жүйесінің нақты құрылымын, оның практикалық жүзеге асырылуын және нәтижелілігін алғаш рет эмпирикалық жолмен зерттейді. Сонымен қатар, зерттеу қазақстандық мектеп жағдайында жүргізілуімен ерекшеленеді және отандық педагогикалық тәжірибені байытады

Материалдар мен әдістер

Зерттеу нысаны ретінде қашықтық форматта оқытуға қатысатын бастауыш сынып оқушылары алынды. Зерттеудің пәні – педагогикалық қолдау көрсету жүйесінің оқушылардың қашықтық форматтағы оқуға дайындық деңгейіне әсері.

Зерттеу 2025 жылдың көктемгі семестрінде Талдықорған қаласының екі жалпы білім беретін мектебінің базасында жүргізілді: №2 орта мектебі және М. Ломоносов атындағы №5 орта мектеп-лицейі. Жалпы 60 оқушы зерттеуге қатысты, олар кездейсоқ тандау арқылы екі топқа бөлінді: эксперименттік топ ($n = 30$) – педагогикалық қолдау жүйесі қолданылған оқушылар және бақылау тобы ($n = 30$) – дәстүрлі, қолдаусыз оқу үдерісінде қатысқан оқушылар. Оқушылардың жас шамасы 8–9 жас аралығында (2–3 сынып), жынысы әртүрлі, әлеуметтік жағдайы ұқсас. Зерттеу квазиэксперименттік дизайнға негізделіп, бақылау және эксперименттік топтар арасындағы салыстырмалы талдау арқылы жүзеге асырылды. Қолданылған әдістерге сауалнама (оқушылар мен ата-аналарға арналған бастапқы және қорытынды диагностика), бақылау парақтары (оқыту кезіндегі белсенділік пен өздігінен жұмыс жасау деңгейін бағалау), тестілеу (оқу материалының меңгерілуін бағалау), педагогикалық бақылау (мұғалімдердің күнделікті сабақ жүргізу барысындағы деректерді жинау), сондай-ақ ата-аналар мен мұғалімдермен жүргізілген жартылай құрылымданған интервью жатады. Эксперименттік топқа ұсынылған педагогикалық қолдау бірнеше негізгі компоненттерден тұрды: ұйымдастырушылық қолдау (күн тәртібін құру, сабақ кестесін түсіндіру, онлайн платформаға кіру жолын үйрету), әдістемелік қолдау (бейнесабақтар, визуалды нұсқаулықтар, интерактивті тапсырмалар), эмоциялық қолдау (мотивациялық сөйлесулер, қолпаштау, жетістік журналдары), сондай-ақ ата-анамен жұмыс (апталық кері байланыс, нұсқаулықтар, үй жағдайында көмек көрсету тәсілдері).

Кесте 1 – Зерттеу барысында қолданылған цифрлық құралдар мен платформалар сипаттамасы

Құрал немесе бағдарлама	Сипаттамасы	Өндіруші ел
Zoom	Онлайн сабақ өткізу платформасы	АҚШ
Google Classroom	Үй тапсырмаларын беру және тексеру жүйесі	АҚШ
Padlet, Mentimeter	Интерактивті кері байланыс құралдары	Еуроодақ
Бейне сабақтар	Мұғалімдер әзірлеген тақырыптық видеолар	Жергілікті контент

Барлық оқушыларға қажетті цифрлық құрылғылар (планшет немесе ноутбук), интернетке қосылу мүмкіндігі қамтамасыз етілді.

Зерттеу үш негізгі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде алдын ала диагностика жүргізілді, оның барысында оқушылар мен ата-аналарға сауалнама алынды, мотивация деңгейін анықтауға арналған шкала қолданылды және бастапқы педагогикалық бақылау жүргізілді. Бұл кезең оқушылардың бастапқы дайындық деңгейін, оқу мотивациясын және цифрлық ортада жұмыс істеу дағдыларын бағалауға бағытталды. Екінші кезеңде 6 аптаға созылған эксперименттік оқыту жүзеге асырылды, онда эксперименттік топқа арнайы

әзірленген педагогикалық қолдау көрсету жүйесі енгізілді. Бұл жүйе ұйымдастырушылық, әдістемелік, эмоциялық және ата-анамен жұмыс істеу компоненттерін қамтыды. Үшінші кезеңде қорытынды диагностика жүргізілді: оқушылар тестілеуден өтіп, ата-аналар мен мұғалімдермен құрылымданған сұхбаттар өткізілді, сонымен қатар жинақталған деректер талданды. Бұл кезеңнің мақсаты – педагогикалық қолдаудың тиімділігін бағалау және бастапқы деңгеймен салыстырғандағы өзгерістерді анықтау болды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Мәліметтер арнайы статистикалық бағдарлама арқылы өңделді. Зерттеу нәтижелерін талдау үшін бірнеше әдіс қолданылды: топшілік және топаралық айырмашылықтарды анықтау мақсатында t-критерий (тәуелді және тәуелсіз) пайдаланылды; descriptive statistics әдісі арқылы алынған деректердің орташа мәні мен стандартты ауытқуы есептелді. Қажет болған жағдайда корреляциялық талдау жүргізіліп, оқушылардың оқу мотивациясы мен оқу жетістіктері арасындағы өзара байланыс анықталды. Зерттеу этикалық нормаларға толық сәйкес жүргізілді: барлық оқушылар мен олардың ата-аналарынан ақпараттандырылған келісім алынды. Жиналған барлық деректер құпия түрде сақталып, тек ғылыми-зерттеу мақсаттарында ғана қолданылды.

Зерттеу барысында бастауыш сынып оқушыларының қашықтық форматта оқуға дайындығы мен оқу белсенділігіне педагогикалық қолдаудың ықпалы бағаланды. Алынған мәліметтер алдын ала және қорытынды диагностика негізінде жинақталды. Эксперименттік топ оқушыларына зерттеу кезеңінде жүйелі түрде педагогикалық қолдау көрсетілді, ал бақылау тобындағы оқушылар дәстүрлі оқыту форматында, арнайы қолдаусыз білім алды.

Диагностикалық бағалау келесі негізгі критерийлер бойынша жүргізілді: оқушылардың онлайн оқуға деген мотивация деңгейі, оқу тапсырмаларын өздігінен орындау жиілігі, цифрлық платформаларда жұмыс істеу дағдысы және сабақтарға белсенді қатысу көрсеткіші. Бұл көрсеткіштер оқушылардың қашықтық форматтағы оқуға бейімділік дәрежесін жан-жақты сипаттауға мүмкіндік берді.

Осы диагностикалық деректердің көрнекі түрде (кесте және диаграмма түрінде) ұсынылуы арқылы эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелері салыстырмалы түрде талданады.

Кесте 2 – Эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы және қорытынды нәтижелерінің салыстырмасы (орташа балл түрінде)

Көрсеткіштер	Эксперименттік топ (бастапқы)	Эксперименттік топ (соңғы)	Бақылау тобы (соңғы)
Онлайн оқуға мотивация (10 балл)	5,1	8,4	5,6
Өздігінен жұмыс істеу дағдысы	4,9	8,0	5,1
Цифрлық құралмен жұмыс дағдысы	5,3	8,6	5,8
Сабаққа қатысу белсенділігі	6,0	9,0	6,4


2-кестеде эксперименттік және бақылау топтарының зерттеу алдындағы (бастапқы) және зерттеу соңындағы (қорытынды) нәтижелері салыстырмалы түрде көрсетілген. Кесте төрт негізгі көрсеткіш бойынша алынған орташа баллдарды қамтиды: онлайн оқуға мотивация, өздігінен жұмыс істеу дағдысы, цифрлық құралмен жұмыс істеу қабілеті, және сабаққа қатысу белсенділігі.

Эксперименттік топта зерттеу барысында оқушыларға жүйелі педагогикалық қолдау (ұйымдастырушылық, әдістемелік, эмоциялық және ата-анамен жұмыс) ұсынылған болатын. Нәтижесінде барлық көрсеткіштер бойынша айтарлықтай оң өзгерістер тіркелді. Атап айтқанда:

- Онлайн оқуға мотивация 5,1 баллдан 8,4 баллға дейін артты;
- Өздігінен жұмыс істеу дағдысы 4,9 баллдан 8,0 баллға көтерілді;
- Цифрлық құралмен жұмыс қабілеті 5,3 баллдан 8,6 баллға дейін өсті;
- Сабаққа қатысу белсенділігі 6,0 баллдан 9,0 баллға дейін артты.

Бақылау тобында мұндай өзгерістер байқалмады: олардың көрсеткіштері бастапқы деңгейге жақын қалды және статистикалық тұрғыда маңызды емес айырмашылықтарды көрсетті. Мысалы, онлайн мотивация небәрі 5,6 баллды құрады, бұл бастапқы деңгейден (5,1) аз ғана жоғары.

Осылайша, кестедегі деректер педагогикалық қолдаудың тиімділігін нақты дәлелдейді және бастауыш сынып оқушыларын қашықтық форматтағы оқуға дайындау барысында жүйелі сүйемелдеудің маңыздылығын көрсетеді. Эксперименттік топтың жетістіктері қолданылған қолдау моделі оқушылардың цифрлық ортада білім алу дағдыларын белсенді дамытатынын дәлелдейді.



Сурет 1 – Эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелері (салыстырмалы диаграммасы)

Эксперименттік топта педагогикалық қолдаудың жүйелі түрде жүргізілуі оқушылардың барлық негізгі параметрлері бойынша едәуір ілгерілеушілікке әкелді. Атап айтқанда, онлайн оқуға мотивация көрсеткіші бастапқыда 5,1 балл болса, тәжірибе соңында 8,4 баллға жетті. Бұл – 3,3 балл өсімді көрсетеді. Ал бақылау тобында бұл көрсеткіш тек 5,6 балл болды, яғни елеулі өзгеріс байқалмады. Өздігінен жұмыс істеу дағдысы эксперименттік топта 4,9 баллдан 8,0 баллға дейін артты. Бұл оқушылардың оқу әрекетіне дербес түрде тартылғанын көрсетеді. Цифрлық құралдармен жұмыс істеу қабілеті де 5,3-тен 8,6 баллға дейін көтерілді. Ал бақылау тобында бұл көрсеткіш 5,8 балл шамасында қалды. Сабаққа қатысу белсенділігі 6,0-ден 9,0 баллға дейін көтеріліп, оқушылардың сабаққа ынта-жігерінің артқанын көрсетті. 1-суретте осы көрсеткіштердің динамикасы айқын көрсетілген. Диаграммадан эксперименттік топтағы көрсеткіштердің бірқалыпты және нақты өскені байқалады, ал бақылау тобындағы өзгерістер мардымсыз. Педагогикалық қолдау көрсету – бастауыш сынып оқушыларын қашықтық форматтағы оқуға тиімді бейімдеудің шешуші факторы болып табылады. Эксперименттік топтағы оқушылардың мотивациясы, цифрлық ортада жұмыс жасау қабілеті және оқу белсенділігі жоғары деңгейге жетті, бұл ұсынылған қолдау моделінің тиімділігін дәлелдейді.

t-критерий нәтижелері эксперименттік топта оқу мотивациясы мен дағдылары бойынша статистикалық тұрғыдан маңызды өсімді көрсетті ($p < 0.01$). Бақылау тобында көрсеткіштердің өзгерісі статистикалық маңыздылық деңгейіне жеткен жоқ ($p > 0.05$).

Кесте 3 – Эксперименттік топтағы бастапқы және қорытынды көрсеткіштер арасындағы айырмашылықтардың t-статистикалық талдау нәтижелері

Критерий	t мәні	p мәні	Қорытынды
Онлайн мотивация	4.82	<0.01	Маңызды айырмашылық
Өздігінен жұмыс	5.01	<0.01	Маңызды айырмашылық
Цифрлық құралды қолдану	5.74	<0.01	Маңызды айырмашылық
Қатысу белсенділігі	4.93	<0.01	Маңызды айырмашылық

Қорыта келе, эксперименттік топта барлық көрсеткіштер бойынша елеулі жоғары нәтижелерге қол жеткізілді. Педагогикалық қолдаудың ұйымдастырушылық, әдістемелік және эмоционалдық бағыттары жүйелі түрде берілген кезде оқушылардың оқуға дайындық деңгейі айтарлықтай жақсарды. Ал бақылау тобында көрсеткіштердегі өзгерістер өте төмен деңгейде болып, айтарлықтай оң нәтижелер байқалмады. Осы алынған деректер зерттеу гипотезасын толықтай растайды және педагогикалық қолдаудың бастауыш сынып оқушыларын қашықтық форматта оқытуға дайындауда шешуші әрі маңызды фактор екендігін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері педагогикалық қолдаудың бастауыш сынып оқушыларының қашықтық форматта оқуға бейімделуіне оң әсер ететінін көрсетті. Эксперименттік топтың барлық негізгі көрсеткіштері – мотивация, өздігінен жұмыс жасау дағдысы, цифрлық құралдармен жұмыс істеу және сабаққа белсенді қатысу – елеулі дәрежеде жақсарды. Бұл қолдаудың жүйелі ұйымдастырылуы, оның ішінде эмоциялық, әдістемелік және ұйымдастырушылық элементтердің бір-бірімен үйлесімді үйлесуі нәтижесінде мүмкін болды. Оқушылар өздерін сенімді сезініп, оқу үдерісіне белсенді және ынталы қатыса бастады. Алынған нәтижелер халықаралық және отандық зерттеулермен өзара үндеседі. Мысалы, Селевко Г.К. (2020) және Рогов Е.И. еңбектерінде бастауыш мектеп оқушыларына қашықтық форматта оқуда қолдау көрсетудің маңыздылығы атап өтілген. Darling-Hammond (2021) қашықтықтан оқыту жағдайында оқушыға деген педагогикалық және ата-аналық қолдаудың шешуші рөл атқаратынын көрсеткен. Reimers & Schleicher (2020) жүргізген зерттеу нәтижелері де қазіргі зерттеуді қолдайды: олар оқушылардың оқу жетістіктері мен мотивациясы педагогтің белсенді араласуы жағдайында айтарлықтай артады деген қорытындыға келген. Алайда кейбір жұмыстарда (мысалы, Anderson, 2019) тек цифрлық құралдарға сүйенудің шектеулілігі де айтылған. Бұл зерттеуде цифрлық құралдармен қатар, тұлғалық және психоэмоциялық қолдау да қамтылғандықтан, нәтиже анағұрлым жоғары болды. Бұл зерттеу шеңберінде бірнеше шектеулер байқалды. Біріншіден, қатысушылар саны шектеулі болды (барлығы 60 оқушы), сондықтан нәтижелерді кең көлемде жалпылау мүмкіндігі шектеулі. Екіншіден, зерттеу уақыты қысқа – тек 6 апта болды, ал білім беру процесіндегі өзгерістердің тұрақтылығы мен ұзақ мерзімді әсері қарастырылмады. Үшіншіден, зерттеу бір өңірдің мектептерінде өткізілгендіктен, әртүрлі әлеуметтік-экономикалық контекстер ескерілмеді. Зерттеу нәтижелері білім беру ұйымдарына нақты тәжірибелік бағдар бере алады. Атап айтқанда: бастауыш сынып оқушыларына арналған педагогикалық қолдау бағдарламаларын әзірлеу; қашықтық форматта оқыту кезінде ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізу; мұғалімдерге арналған цифрлық педагогика мен психологиялық қолдау курстарын ұйымдастыру. Бұл мәліметтер оқу бағдарламаларын бейімдеу мен жаңартуға, оқыту технологияларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Болашақта қашықтықтан оқытуда педагогикалық қолдаудың ұзақ мерзімді әсерін зерттеу, түрлі жас топтары мен әлеуметтік топтар арасындағы айырмашылықтарды қарастыру, оқушылардың ата-аналарымен және сыныптастарымен қарым-қатынасының білім беру нәтижелеріне ықпалын талдау, сондай-ақ педагогикалық қолдаудың жеке компоненттерін (эмоциялық, әдістемелік, ұйымдастырушылық) жеке-жеке зерттеу маңызды бағыттар болмақ.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу бастауыш сынып оқушыларын қашықтық форматтағы оқуға дайындау үдерісінде педагогикалық қолдаудың жоғары тиімділігін дәлелдеді. Эксперименттік топтағы оқушылардың оқу мотивациясы, цифрлық дағдылары және оқу белсенділігі едәуір артқаны байқалды. Бұл педагогикалық қолдау жүйесінің (ұйымдастырушылық, әдістемелік және эмоциялық компоненттерін қамтитын) кешенді түрде іске асырылуы нәтижесінде мүмкін болды. Нәтижелер көрсеткендей, бастауыш мектеп деңгейінде қашықтық форматқа бейімделу тек техникалық құралмен қамтамасыз етумен шектелмейді. Оқушыларға жүйелі педагогикалық сүйемелдеу қажет, ол оқу процесін тиімді ұйымдастыруға, оқу мотивациясын арттыруға және цифрлық оқуға бейімделуге септігін тигізеді. Осыған байланысты бірқатар ұсыныстар беруге болады: бастауыш сынып оқушыларымен қашықтықтан жұмыс жүргізетін педагогтерге арналған әдістемелік қолдау бағдарламаларын әзірлеу қажет; ата-аналармен серіктестік орнату

мақсатында нұсқаулықтар мен кеңестер жиынтығы дайындалуы тиіс; қашықтық оқытуды тиімді ұйымдастыру үшін мұғалімдерді кәсіби қайта даярлау курстарымен қамту ұсынылады; болашақта ұзақ мерзімді әсерлерді бақылау мақсатында мониторинг жүргізу ұсынылады. Бұл зерттеу бастауыш білім беру саласына цифрлық педагогиканы интеграциялау бағытында ғылыми-тәжірибелік негіз береді және педагогикалық қолдау көрсету арқылы қашықтық форматта тиімді оқыту мүмкін екенін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: учеб. пособие. – М.: Народное образование, 2020. – 336 с.
2. Рогов Е.И. Психология обучения и воспитания школьников: практическое руководство. – М.: Владос, 2021. – 288 с.
3. Черкасова О.В. Особенности организации дистанционного обучения младших школьников // Педагогика и психология. – 2020. – №3(85). – С. 42–48.
4. Darling-Hammond, L. Teaching and learning in the time of COVID. – Stanford: Stanford University Press, 2021. – 224 p.
5. Anderson, T. The theory and practice of online learning. – Canada: Athabasca University Press, 2019. – 472 p.
6. Mishra, P., & Koehler, M.J. Technological pedagogical content knowledge: A framework for teacher knowledge // Teachers College Record. – 2006. – Vol. 108(6). – P. 1017–1054.
7. Robinson, K. Out of our minds: Learning to be creative. – 2nd ed. – London: Capstone Publishing, 2011. – 384 p.
8. Sawyer, R.K. Explaining creativity: The science of human innovation. – 2nd ed. – Oxford: Oxford University Press, 2012. – 568 p.
9. Beghetto, R.A., & Kaufman, J.C. Classroom contexts for creativity // High Ability Studies. – 2014. – Vol. 25(1). – P. 53–69.
10. Reimers, F.M., & Schleicher, A. Schooling disrupted, schooling rethought: How the COVID-19 pandemic is changing education. – Paris: OECD Publishing, 2020. – 144 p.

REFERENCES:

1. Selevko G.K. (2020). Sovremennyye obrazovatelnye tehnologii: uchebnoye posobie [Modern educational technologies: textbook]. Moskva: Narodnoye obrazovaniye, 336 p.
2. Rogov E.I. (2021). Psikhologiya obucheniya i vospitaniya shkolnikov: prakticheskoye rukovodstvo [Psychology of teaching and upbringing schoolchildren: a practical guide]. Moskva: Vlados, 288 p.
3. Cherkasova O.V. (2020). Osobennosti organizatsii distantsionnogo obucheniya mladshikh shkolnikov [Features of organizing distance learning for younger students]. Pedagogika i psikhologiya, no. 3(85), pp. 42–48.
4. Darling-Hammond, L. Teaching and learning in the time of COVID. – Stanford: Stanford University Press, 2021. – 224 p.
5. Anderson, T. The theory and practice of online learning. – Canada: Athabasca University Press, 2019. – 472 p.
6. Mishra, P., & Koehler, M.J. Technological pedagogical content knowledge: A framework for teacher knowledge // Teachers College Record. – 2006. – Vol. 108(6). – P. 1017–1054.
7. Robinson, K. Out of our minds: Learning to be creative. – 2nd ed. – London: Capstone Publishing, 2011. – 384 p.
8. Sawyer, R.K. Explaining creativity: The science of human innovation. – 2nd ed. – Oxford: Oxford University Press, 2012. – 568 p.
9. Beghetto, R.A., & Kaufman, J.C. Classroom contexts for creativity // High Ability Studies. – 2014. – Vol. 25(1). – P. 53–69.
10. Reimers, F.M., & Schleicher, A. Schooling disrupted, schooling rethought: How the COVID-19 pandemic is changing education. – Paris: OECD Publishing, 2020. – 144 p.

ОЦЕНКА ВЛИЯНИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПОДДЕРЖКИ ПРИ ПОДГОТОВКЕ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ К ОБУЧЕНИЮ В ДИСТАНЦИОННОМ ФОРМАТЕ

Жаркимбаева Б.А.

Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Республика Казахстан, г. Талдыкорган

*e-mail: botagozzharkimbaeva@mail.ru

В современной системе образования формат дистанционного обучения стал неотъемлемой частью регулярного учебного процесса. Такая ситуация требует особой педагогической поддержки для учащихся начальных классов, поскольку их учебная самостоятельность, цифровая грамотность и внутренняя мотивация находятся на стадии формирования. В статье представлены результаты экспериментального исследования, направленного на оценку эффективности педагогической поддержки при подготовке младших школьников к дистанционному обучению. В исследовании приняли участие 60 учеников начальных классов, разделённых на две группы: экспериментальную и контрольную. Ученикам экспериментальной группы оказывалась системная педагогическая поддержка, включающая освоение цифровых учебных инструментов, организацию учебного режима, а также установление обратной связи с родителями и учителями. Результаты исследования показали, что педагогическая поддержка значительно повышает готовность учащихся к дистанционному обучению. Методы, использованные в исследовании, полученные данные и предлагаемые рекомендации представляют собой практическое руководство по эффективной организации дистанционного обучения в системе начального образования.

Ключевые слова: дистанционное обучение, начальные классы, педагогическая поддержка, подготовка к обучению, экспериментальное исследование, образовательные технологии.

EVALUATING THE IMPACT OF PEDAGOGICAL SUPPORT IN PREPARING PRIMARY SCHOOL STUDENTS FOR DISTANCE LEARNING

B.A. Zharkimbayeva

Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Republic of Kazakhstan, Taldykorgan

*e-mail: botagozzharkimbaeva@mail.ru

In the current education system, the distance learning format has become an integral part of the regular learning process. This situation requires special pedagogical support for primary school students, as their learning autonomy, digital literacy, and intrinsic motivation are still in the process of development. This article presents the results of an experimental study aimed at evaluating the effectiveness of pedagogical support in preparing primary school students for distance learning. A total of 60 students participated in the study, divided into two groups: experimental and control. The experimental group received systematic pedagogical support, which included mastering digital learning tools, organizing a learning routine, and establishing feedback with both parents and teachers. The research results showed that pedagogical support significantly improves students' readiness for distance learning. The methods applied, the results obtained, and the recommendations offered in the article provide practical guidance for the effective organization of distance education in primary school settings.

Keywords: distance learning, primary school, pedagogical support, learning readiness, experimental study, educational technologies.

ЖОО-ДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Жумабаева М.* , Тұралыққызы Н. 

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.

*e-mail: maralasylbekovna@mail.ru

Қоғамдағы және жаһандық кеңістіктегі қарқынды өзгерістер жағдайында білім беру жүйесінің дамуындағы басты бағыттардың бірі – инновациялық технологияларды енгізу болып табылады. Бұл мақалада жоғары оқу орындарының білім беру процесінде инновациялық тәсілдерді қолданудың теориялық және практикалық аспектілері қарастырылады. Автор білім берудегі инновациялар – бұл жай ғана жаңа техникалық құралдарды енгізу емес, білім мазмұнына, оқыту әдістері мен формаларына кеісінді өзгеріс енгізу екенін атап өтеді. Бұл өзгерістер білім беру сапасын арттыруға және студенттің жеке дамуына бағытталған. Автордың пікірінше, инновациялық технологиялар білім алушылардың сыни ойлау, креативтілік, коммуникативтілік және өзін-өзі оқыту қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Мақалада инновациялық білім беру технологияларының негізгі жіктемелері келтіріледі: оқыту әдістері бойынша (проблемалық, жобалық, диалогтық), техникалық құралдар бойынша (цифрлық, компьютерлік, қашықтан оқыту технологиялары), сондай-ақ ұйымдастыру формалары бойынша (модульдік, аралас оқыту және т.б.). Автор инновациялық тәсілді жүзеге асырудағы оқытушының рөліне – бастамашы, модератор және кеңесші ретінде – ерекше назар аударады. Автордың пайымдауынша, инновацияларды сәтті енгізу білім беру процесіне қатысушылардың ойлау тәсілін өзгертпейінше, оқыту әдістемелерін қайта қарамайынша және қолайлы білім беру ортасын құрмайынша мүмкін емес. Мақалада тренингтер, семинарлар, кеңес беру кездесулері, сондай-ақ білім мен педагогикалық тәжірибе трансфері сияқты инновацияларды жүзеге асыру жолдары сипатталады. Мақаланың қорытындысында инновациялық технологиялар – бұл уақытша үрдіс емес, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға арналған стратегиялық құрал деген тұжырым жасалады. Олар оқытуды дараландыруды күшейтеді, студенттердің мотивациясын арттырады және ғылым, практика мен білім берудің интеграциясын қамтамасыз етеді.

Кілт сөздер: инновациялық технологиялар, жоғары білім, педагогикалық инновациялар, цифрлық трансформация, оқыту әдістері, білім беру ортасы.

Кіріспе

Заманауи технологиялар оқытуды жаңа деңгейге көтеретін педагогикалық қызметтің сапалы жаңа моделін ұсынады. Педагогикалық технология – оқушылар мен мұғалім үшін қолайлы жағдайларды сөзсіз қамтамасыз ете отырып, оқу процесін жобалау, ұйымдастыру және өткізу бойынша бірлескен қызметтің барлық егжей-тегжейлі ойластырылған моделі. Инновация жағдайында жұмыс істейтін қазіргі жоғары оқу орнында білім беру процесінің барлық қатысушыларының функциялары өзгеруде. Ең бастысы – білімгер тек зерттелген ақпаратты қайталай алатын пассивті тыңдаушы ету емес, оны талдауға, қолдану шарттары мен шекараларын іздеуге, білімді кеңейтуге және толықтыруға деген ұмтылысты қалыптастыруға үйрету. Сабаққа дайындық кезінде мұғалім студенттердің танымдық қабілеттерін, шығармашылық белсенділігін дамытуға баса назар аударуы керек. Сабақта әртүрлі жұмыс әдістерін қолдану барлық студенттерді жаңа білім алу, бұрын алған білімдерін жалпылау және талдау процесіне тартуға, өз білімдерін пайдалану дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді [1].

Зерттеу мақсаты: осы мақалада ЖОО-да білім беру үдерісінде инновациялық технологияларды енгізу арқылы студенттердің кәсіби дағдыларын, сыни және креативті ойлау қабілеттерін дамыту мүмкіндіктерін анықтау мақсат етіледі.

Зерттеу мәселесі: Қазіргі білім беру жүйесінде студенттердің сапалы дайындығына кері әсер ететін дәстүрлі оқыту тәсілдерінің шектеулері бар. Инновациялық технологиялар оларды жеңілдете ала ма?

Гипотеза: Егер білім беру процесіне цифрлық және жобалық бағыттағы инновациялық технологиялар жүйелі түрде енгізілсе, онда бұл студенттердің креативтілігі мен оқу мотивациясын арттырады.

Жоғары мектепте білім беру процесін ұйымдастыру процесінде қолданылатын білім беру технологияларының инновациялық сипаты қазіргі жағдайда жоғары оқу орындарының бәсекелестігіндегі маңызды құралдардың біріне айналуға. Білім беру қызметіне инновацияларды енгізу, сайып келгенде, болашақ мамандар мен бакалаврларды даярлау сапасын арттыруға әкеледі. Өз кезегінде, білім берудің сапасын, қолжетімділігін, тиімділігін арттыру, оның үздіксіз және инновациялық сипаты, жастардың әлеуметтік ұтқырлығы мен белсенділігінің өсуі, оның әртүрлі білім беру орталарына тартылуы білім беру жүйесін елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, азаматтарының әл-ауқатының өсуінің маңызды факторына айналдырады.

Инновация адамның кез-келген кәсіби қызметіне тән, сондықтан табиғи түрде зерттеу, талдау және енгізу тақырыбына айналады. Инновациялар өздігінен пайда болмайды, олар ғылыми ізденістердің, жеке мұғалімдер мен бүкіл ұжымдардың озық педагогикалық тәжірибесінің нәтижесі болып табылады. Бұл процесс стихиялық болуы мүмкін емес, оны басқару қажет. Қазіргі уақытта қазіргі қоғам кез-келген қызмет саласындағы маманның жеке басына жаңа талаптар қояды. Ол келесі қасиеттерге ие болуы керек: ұтқырлық, бәсекеге қабілеттілік, құзыреттілік, тұрақты кәсіби - тұлғалық дамуға, өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуға дайындық.

Сонымен қатар, ол өзінің кәсіби қызметінің белсенді субъектісі болуы керек, ойлаудың инновациялық түріне ие болуы керек, шығармашылық даралыққа ие болуы керек, өзгеретін жұмыс жағдайларына тез бейімделуі керек және, әрине, таңдалған кәсіпте жеткілікті жақсы білімі болуы керек. Бірақ, екіншіше орай, университеттің барлық студенттері - болашақ мамандар терең білімді игеруге және өздерінің кәсіби дағдылары мен дағдыларын дамытуға ұмтылмайды, олар дипломға қызығушылық танытады. Диплом іздеп олардың көпшілігі бірден бірнеше университеттерде оқиды немесе бір университетті бітіріп, екіншісіне бірден түседі. Сонымен қатар, жоғары білімге қарамастан, мұндай маман өз кәсібі туралы өте үстірт түсінікке ие және кәсіби және жалпы мәдениеттің төмен деңгейіне ие екенін қосуға болады. Сұрақ туындайды, мамандарды даярлау сапасын арттыру және студенттердің жоғары білім алуға ғана емес, сонымен қатар болашақ мамандығы үшін қажетті білім мен дағдыларды игеруге деген қызығушылығын арттыру үшін не қажет? Бұл мәселені шешудің әртүрлі жолдары ұсынылады, біз қазір университеттің білім беру процесінде қолданылатындарға тоқталамыз [2].

Материалдар мен әдістер

Қазіргі білім беру технологиялары оқыту саласындағы жаңа теорияларды жүзеге асырудың құралы болып табылады. Олардың даму бағыты адамның өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасайтын ізгілендіру идеяларымен тығыз байланысты. Айта кету керек, "білім беру технологиялары" ұғымы "оқыту технологиялары" терминімен салыстырғанда әлдеқайда кең көрінеді, өйткені ол оқушылардың жеке қасиеттерін дамытуға бағытталған білім беру факторын да қамтиды.

UNESCO ұйымының құжаттарына сәйкес білім беру технологиялары жиынтық оқыту процесін қалыптастыру, енгізу және анықтау және техникалық ресурстар мен адами мүмкіндіктердің өзара әрекеттесуіне негізделген жаңа білім алу әдістері ретінде қарастырылады.

Жалпы алғанда, технологияны мақсаттарды белгілі бір өнімдерге немесе олардың элементтеріне енгізу жолдарын қамтамасыз ететін нақты жүйе түрінде ұсынуға болады.

Қазіргі білім беру технологияларының маңызды қасиеттеріне мыналар жатады:

- тұжырымдама: дамудың негізі-белгілі бір ғылыми идея;

- тұтастық: білім беру технологиясының сапасын қамтамасыз ететін барлық элементтер өзара байланысты;

- өңдеу: Оқу-тәрбие процесін зерттеу, талдау және жетілдіру үшін мүмкіндіктер бар;

- репродуктивтілік: қазіргі білім беру технологияларын көптеген оқытушылар көбейте алады;

- тиімділік: қаржылық, материалдық және уақыт шығындарын төмендету кезінде білім беру стандарттарына сәйкес міндеттерді шешу қамтамасыз етіледі [3].

Қолданылған технологиялар (мысалдар):

- Интерактивті панельдер (Promethean, SMART Board)
- Learning Management Systems (LMS) – Moodle, Google Classroom
- Цифрлық симуляциялар және виртуалды зертханалар – Labster, Phet Simulations
- Қашықтан оқыту платформалары – Zoom, Microsoft Teams
- Проблемалық оқыту әдісі және жобалық оқыту

Заманауи білім беру технологияларының мақсаттарын, мазмұнын, әдістері мен құралдарын ескере отырып жіктелуін қарастырайық [4].

Оларды қандай деңгейде қолдануға байланысты білім беру технологиялары: жалпы педагогикалық, пәндік (жеке-әдістемелік) және жергілікті (модульдік) болуы мүмкін.

Негізгі тұжырымдама бойынша: теоцентрлік, натурцентрлік, социоцентрлік, антропоцентрлік және т.б.

Негізгі әдіс пен қолданылатын құралдарға байланысты: репродуктивті, тренингтік, диалогтық, дамытушылық, шығармашылық, ойын, компьютерлік, сонымен қатар бағдарламалық, проблемалық, коммуникативті және қашықтықтан оқыту.

Ұйымдастыру формалары бойынша: практикалық сабақтары бар дәрістер, жеке, топтық, сараланған.

